№5 (11) / мамыр / 2018

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

САРАСӨЗ



САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт Сердәлі

Қатегері: Құрбан Әділ

SMM-менеджер: Еңлік Қалдархан

Стилист: Мұрат Шаханбай

sarasoz.kz sarasoz.kz

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді

МЕНШІК ИЕСІ:
ЖК «Қыдықбекова Г.К»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады

Журнал Ясауи ғылыми-зерттеу орталығының демеушілігімен жарық көрді

Фотосуреттерді ұсынған:
Дәулет Қожамұратов,
Нақып Шынтеміров

Журнал жарияланымдарындағы Иасауи, Ясауи есімдері авторлардың жеке көзқарастарына байланысты қолжазбада қалай көрсетілсе солай берілді

Алғы сөз

Уақыт – ескі мен жаңаны таразылап, бағалайтын, ескіні шаң қаптырып, жаңаны сынап, өзінің талабын сездіретін күш. Бірақ, осы күш – саяси қысым, геноцид, аласапыран, дүрбелең, тіпті, топан су ретінде көрініс беріп, тегеурінін сездіріп жатса да, өзінің қадір-қасиеті мен қызметінің қажеттілігін табиғи талаппен мойындататын және ұлттық болмысымыздың өзегі – құдайлық әлеммен байланыстыратын дін, сонымен қатар оған тән құндылықтар жүйесі осы уақытпен бірге қатар келе жатыр.

Діни-рухани желі – жүйе кешегі жетпіс жылдық аз ғана уақыттың ішінде қажетсіз деп танытылды, идеологиялық қағажу көрді. Адам мен құндылық арасындағы қатынас бұзылды, тарих үзілді, мәдениет қайта түзілді. Бүгін сол құндылықтарымызды қалпына келтіріп, өзінің рухани мұрасы арқылы ұрпақтар арасын жалғастырған тарихи тұлғаларымызға басқаша көзқараспен қарап, үзілген тарихи сабақтастықты жалғап, төл мәдениетіміздің келбетін қайта танып, саралауға деген ұмтылыс бар. Абай айтқандай, «ғұмырдың өзі ақиқат». Түптің түбінде шаң басқан тарихи сана арылып, кешегі ескілік ретінде танытылған рухани арнамызға бүгінгі уақыт талабы бойынша, жаңа толқындағы, қасиетті, киелі құндылықтар жүйесі ағылып, бостықтың орны толысып келе жатқандай сыңай бар. “Қазір өтпелі кезеңде қазақ үшін жаңа сынақ күні туды. Өрелі, өркениетті ел болу үшін ынтымақ, бірлік, адамгершілік қадіріміз бен қасиетімізді, ата-бабаларымыздан мұра етіп жаңғыртып, бүгінгі күннің керегіне жарататын кез келген сияқты”. Осындай рухани мұраның басында күллі түркі әлемінің пірі Қожа Ахмет Иасауи және оның ілімі, мәдениеті мен жолы тұр. Иасауи және оның мұрасын жан-жақты зерттеу объектісі ретінде таңдаған иасауитану саласы да өткен дәуірдің тегеурінімен сол уақыт пен кеңістіктің қажет деп тапқан қырларымен танылды және танытылды. Иасауитану өзіндік болмысы мен табиғатының ақиқатын жан-жақты танырлық мүмкіндікке тәуелсіздіктен кейін қол жеткізді. Бүгін Иасауитану мәселесі зерттеушілерінің саны мен сапасы жағынан едәуір дамуда. Осының айғағы ретінде Иасауи мұрасын тану тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, дін, философия саласы тұрғысынан зерттелініп жалпы әлемде жүздеген диссертациялар жазылғанын алға тартуға болады. Бұл сандық, сапалық өлшем. Осы өлшемнің өзінен-ақ саннан сапаның тууы, зерттеудің дәрежесі мен көлемі анықталуы тиіс еді. Бірақ бүгінгі таңда Иасауитанудың әрбір саласы арасындағы тұтастықты жүйелеп, тұжырымдалған және орталықтандырылған арнаға түсіру қажеттілігі артып отыр. Иасауитануда ашылмай жатқан, тиісінше танылмай, танытылмай жатқан қат-қабат мәселелер жетерлік. Мысалы, Иасауидің өмір сүрген кеңістігі мен уақыты ғылыми тұрғыдан тұтас сарапталып біткен жоқ. Тарихи тұрғыдан ол дәуір туралы мәліметіміз шектеулі, өте аз. Тарихи дереккөздердің жұтаңдығы өз алдына, қолда бар деректердің өзін ғылыми айналымға түсіретін сала маманы жеткіліксіз. Иасауи дәуірінің діни, құқықтық, саяси, экономикалық, мәдени қабаттары беймәлім. Бар деректердің өзі Иасауидің өскен ортасы мен рухани әлемінен бізді толығымен хабардар ете алмайды. Сондықтан да Иасауи өмір сүрген кеңістіктегі исламның жағдайы, сопылық таным мен тариқаттардың саны мен сапасы, ілімі мен білімі арасындағы қатынастың мәнін анықтай алмай отырмыз. Иасауи туралы жазылған дереккөздердің дені аңыз-әпсаналармен көмкерілген. Рас, әрбір аңыздың ақиқаты бар. Бұл жеткіліксіз. Дегенмен ел аузындағы кең тараған аңыз желісі мен XIV ғасырда жазылған Иасауи мәдениетіне қатысты трактаттар арасындағы мазмұндық желі ортақтығы көңіл көншітеді. Иасауидің туған және қайтыс болған жылы туралы толық мәлімет жоқ. Иасауидің 1166 жылы қайтыс болғандығын жазбаша дереккөзі Кашанидің «Рашахат-ул айн-ил хаят» атты еңбегінен ғана кездестіреміз. Иасауи тариқатының негізгі жалғастырушылары Зәңгі ата, Мансұр ата, Бақырғани, Зарнуқи, Хазини (Қайғы), Камал Шайх, Құл Машраб туралы деректер де аз. Иасауиді тұтастай кескіндейтін мәліметтер мен зерттеулерсіз оңды ғылыми тұжырымдалған танымдық, тағылымдық еңбек жасау мүмкін емес.

Шындығында сопылық танымның ислам философиясындағы орны мен рөлі қандай? Сопылық танымның анықтамасы, табиғаты мен мәні қандай? Сопылықтың Ислам діні мен өркениет тарихындағы орны қаншалықты? Түркілік сопылықтың басқа сопылық мектептерден ерекшелігі мен айырмашылығы неде? Иасауи ілімі мен ойлау жүйесінің болмысы қандай? Иасауи мұрасының жалпы түркі халықтары тарихындағы олардың ойлау жүйесіндегі орны мен маңызы қандай? Бүгін Иасауи іліміндегі философиялық көзқарастары танымдық, этикалық, моральдық, эстетикалық, діни-теологиялық тұрғыдан сарапталуы қай деңгейде? Қоғамымыздағы осындай сұрақтар мен мәселелерді ғылыми негізде жауаптандыру – уақыт талабы. Түркі философиясы тарихындағы Иасауи көзқарасының маңызы мен мәнін ашудың практикалық пайдасы зор. Өйткені Иасауи көзқарасының негізгі идеясы моральдық құндылықтармен өлшенсе, ал, теориялық жағы Алла, әлем және адамның үндестігі мен бірлігі хәлінің тұжырымдамалары мен рухани психотехникалық этикалық кемелдікпен анықталады.

Досай КЕНЖЕТАЙ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ӨМІРІ МЕН ІЛІМІ

ИАСАУИ ІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ



Мәдениет рухсыз болмайтындығы сияқты, қоғам да мәдениетсіз, тарихсыз, яғни, рухани ұстындарсыз өз болмысы мен дамуын баянды ете алмайды. Ал ұлттың рухани жаңғыруы оның төл мәдени-рухани арналарымен үндестігіне байланысты екендігін тарих тәжірибесі айқындап отыр. Сондай рухани бастау болып табылатын қазақ философиясы тарихындағы Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы қазақ мәдениеті мен адам әлемінің ділдік түлеу құбылысы тұрғысынан маңызды орынға ие болып отыр. Бүгін де Иасауи ілімінің мәнін, маңызы мен ерекшелігін анықтау – тарихымыздың өткені мен бүгіні арасындағы рухани арналар сабақтастығын қалпына келтіруге ықпал етеді. Сондықтан да тәуелсіз Қазақстан үшін Иасауи ілімі – дәстүрлі түркілік дүниетаным және ислам өркениеті арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз еткен сара жол болуымен қатар бүгінгі заманға сай социо-психологиялық, феноменологиялық ойлау жүйесі мен нақты тұжырымдамаларға бай, адамды жаңа мән-мағынамен сомдайтын және рухани азық беретін ілім ретінде ұлттық болмыстық тұғырымызды танудың негізіне айналып отыр.

Біріншіден, Иасауи дүниетанымы адамды ішкі еркіндікке жетелейтін ар түзейтін ілім. Ал бүгінгі ашық және демократиялық қоғам құру жолындағы Қазақстанның тәуелсіздігі мен еркіндігін баянды ету үшін ең алдымен «еркін ойлайтын" адамдарға деген зәрулігі бар. Еркіндікті баянды ету саяси шарттардан бұрын рухани арождан құбылысына тікелей қатысты. Сондықтан да бүгінгі тәуелсіз Қазақстан қоғамы мен адамы үшін мәдениетіміздің рухани бастауы, ұлттық ділімізді мәнін анықтайтын ар түзейтін Иасауи ілімі өзіндік болмысы мен зәрулігін көрсетуде. Бұл туралы елбасы Н.Ә.Назарбаев, "...Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақыт құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр", - деп, мемлекеттіліктің тұғыры етіп мәдениетті, ал мәдениеттің бастауы ретінде де ділді, даналықты көрсетіп

отыр.

Екіншіден, Иасауи ілімінің қалыптасу кезеңі мен өмір сүрген уақыты да түркі халықтары үшін тарихи өтпелі кезең болуымен де маңызды. Сондай өтпелі кезеңде көрсеткен жолы мен әдісі тұрғысынан Иасауи мұрасын зерттеу– бүгінгі жаңа сипаттағы құндылықтар қоғамын құрып жатқан Қазақстанның болашаққа нық қадам басуы үшін мәдени, тарихи, дүниетанымдық және рухани-әлеуметтік тұғырларын анықтауда да маңызды болып отыр. Бұл туралы академик, Ә. Н. Нысанбаев "Иасауидің бай мұрасы Қазақстан Республикасының рухани жаңаруының бағыт-бағдарын анықтайды",-деген ой түйеді.

Үшіншіден, Иасауи ілімі - қоғамдық-әлеуметтік ынтымақ пен бірлікке ұйытқы болатын даналықтың (хикметтің) кені. Яғни, оның ілімі адамдар арасындағы өзара тең сұхбаттың, бауырластықтың, махаббаттың діни-рухани ұстанымдарын қамтитын біртұтас тұжырымдамалар жүйесі болып табылады. Қазақстанда үстемдік етіп тұрған мұсылмандық пен христиандық сияқты екі дін өкілдері арасындағы төзімділік пен кеңпейілділіктің кілті де діндер үсті ақиқатты паш ететін осы Иасауи ілімінде жатыр.

Төртіншіден, Иасауи ілімі-моральдық-практикалық маңызы тұрғысынан бүгін ғылым мен технология, ақпарат дәуірінде отырып, өзінің ішкі әлемінен хабарсыз, имандылық пен арды ойлай алмай, жаппай нәпсіқұмарлық жайлаған қоғамның әлеуметтік індетінің емі екендігі даусыз. Міне, осы мәселелерде өзімізге жаңаша сын көзбен қарау тұрғысынан Иасауи ілімін зерттеу, әрі тану уақыт талабы, арожданымыздың үні болып отыр.

Иасауи ілімі мен оның мәдениеті төңірегінде кеше және бүгін жүргізіліп келген зерттеулер иасауитану саласын қалыптастырғаны белгілі. Алғаш ғылыми негіздегі иасауитану зерттеулері XIX-шы ғасырдың соңы мен XX-шы ғасырдың басындағы позитивизм мен ағартушылық ағымдарына қарсы жадидизм мен ұлттық әрекеттердің жандануы нәтижесінде Түркия мен Орта Азияда бой көрсете бастады. Өйткені, Иасауи дүниетанымын зерттеу-ұлттық рухты танумен тең деп қаралып, оның мұрасы ұлттық болмысымыздың айнасы болып табылатын мәдениетіміздің ұстыны ретінде өзімізді танудың негізгі тақырыбына айналды. Шығыс-Ислам өркениеті жаппай құлдырап, империализмнің отарына айналуы кезінде үмітсіздікке бой алдырған халық исламға, оның мәні болып табылатын сопылық мәдениетке қайта оралып жатты. XIX-шы ғасырдың II жартысы мен XX-шы ғасырдың бас кезінде Иасауидің "Диуани Хикмет" атты мұрасының (1878-1910 жылдар аралығында) Қазан, Ыстанбұл, Самарқанд, Әндіжан, Ташкент және Уфада



бірнеше рет жарық көруі де ұлттың рухани негізіне оралуының айғағы болса керек. Дегенмен, бұл ізденістер мен әрекеттер кейіннен батыстық идеологиялық ағымдар мен еуропаорталықтық тенденциялардың алдында тізе бүкті. Себебі де шектен асқан дәстүршілдік (метатрадиционализм). Бұл туралы Н. Нұртазина да "...мұсылман әлемінде қалай суфизм әлсіреді, солай фанатизм, дүмшелік, мәдени тоқырау күшейе бастады. Біздің Батыс мәдениетінен жеңілуіміздің бір себебі де осында"-деп көрсеткен. Шындығында, адамның құлдырауы, рухани азғындап құлдыққа түсуі, еркіндіктен мақрұм қалуы оның ішкі рух әлемі мен санасының ластануынан туындайды. Ислам өркениетінде адамды осындай жатсынулардан айықтырып, имандылықтың сақшысы қызметін атқарған таза сопылық ілім болатын. Ислам өркениеті Шығыста Қарақытайлар, Батыста крест жорықтары салдарынан экспансия қыспағында қалып әлсіреген тұста, сопылық иманның қорғаушысы,

мемлекеттің тірегі, халықтың ұйтқысы, ар мен имандылықтың, әділет пен туралықтың көзі болды. Сондықтан да Имам Ғазалидің сопылықты иманды қорғаушы күш ретінде философия, калам және т.б. діни ілімдерден артық санағандығы мәлім. Бірақ, XIX-шы ғасырда осы ақиқаттың негізгі ұстанымдары мен мұраттарынан қол үзіп жаттанған түркілік әлем Иасауитану саласына да Батыстың көзімен қарай бастады. Бұл жерде Иасауи мәдениеті, Иасауитану дегенде түрік сопылық дүниетанымы, түрік халық мұсылмандығы, жалпы түркілік мұсылмандық түсінікті ұғынуымыз керек. Өйткені, Иасауи мұрасы – ұлттық мәдениетімізбен тұтастанған рухани болмысымыздың айнасы. Нәтижеде сыртқы идеологиялық орталықтардың нұсқауы мен пікірлерін мойындау арқылы өз ұлтымыз бен өркениетіміз жайында өте қауіпті, жаңсақ көзқарастар мен құлдық сезімге бой алдырдық. Олар ешқандай ғылыми негізсіз “әдебиет” ойлап тапты, тіліміз, мәдениетіміз, тарихымыз туралы жаңа жол көрсетіп бізді өзімізге таныстырды. Ал біз олардың әдебиетіне бірте-бірте илана бастадық. Өз мәдениетімізді басқалардың көзімен тануға мәжбүр болдық. Өйткені біз ол кезде еркін ойлауға бастайтын ерік–жігерден де мақрұм қалған болатынбыз.

Өткен ғасырдың 20-жылдарының басында-ақ Иасауи Орта Азия және Қазақстан ғалымдары тарапынан “кедейлердің, езілгендердің” жаршысы ретінде көрсетіле бастады. Иасауи ілімінің жоғарыда айтқан имандылық пен ұлттық мәдени болмысты қорғау ерекшелігі кеңестік идеологтардың да назарынан тыс қалған жоқ. Олар сопылық дүниетанымның ойлау категориялары мен жүйесін, ұстанымдары мен мұраттарын, Иасауи іліміндегі фақр тұжырымдамасы мен зикр теориясын және сал-серілік мәдениетінің ұстанымдарын өз мүдделері тұрғысынан қолдана білді. Кеңестік идеология ғылыми атеизм мен атеизмнің философиялық-онтологиялық негізі ретінде материализмді, ал материализмнің ұстанымы ретінде де пантеизмді көрсетті. Олар ғылыми атеизмді таратуда маркстік әдісті қолданып, Иасауи мәдениетін панкосмизм, пантеизм ретінде түсіндіріп бақты. Бұлар да “тезис-антитезис-синтез” сияқты гегельдік үштік



ұстанымға негізделген болатын. Иасауидің “зикр теориясы” - тезис, оған қарама-қарсы “ғылыми атеизм” ұстанымдары - антитезис, “адамзатты трансцендентальдық және діни “жаттанудан” құтқаруды” - синтез, яғни “түпкілікті мақсат” ретінде анықтады.

Иасауи ілімінде зикр - Тәңірді ешқашан естен шығармау, әр дем, әр уақыт оны өз рухында сезініп, сүю, онымен мәнге айналу, Тәңірмен бір болу жолындағы әдіс болса, ал ғылыми атеизм зикрге қарсы “агитпроп” ошағын құрып, адамның санасы мен рух әлеміндегі Тәңір түсінігін ұмыттыру үшін ойлап табылған ілім болды. Міне қарасаңыз, Тәңірді әр уақыт естен шығармау, яғни зікір тезисіне, антитезис ретінде Тәңірді ұмыттыруды қойып, қоғамға қажетті атеист адам тәрбиелеп шығаруды синтезіне, яғни мақсатына айналдырды. Бірақ, бұл мақсаттары іске аспады. Өйткені, Иасауи ілімі адамды шынайы адамдықтың мәні мен санасына жеткізетін, өз ақиқатын танытатын, ешқандай идеологиялық әдебиеттерге негізделмеген Хақиқаттың ақ жолы болатын. Оның ілімі бойынша Тәңір адамның өз рухында, ал өзіңнен қашып құтылудың жолы жоқ. Бір жол бар - ол да Тәңірге мойынсұну, иманға келу.

Кеңестік идеологияда кең тараған әдіс - дүниетанымдық құндылықтар жүйесін құрайтын басты ұғымдардың мазмұндық мәнін өзгертіп, формалық үйлесімділікке ұмтылатын аксиологиялық трансформациялық метод. Бұл тұрғыдан да Иасауи іліміндегі фақр философиясының ғылыми атеизм мамандары тарапынан қолданылғандығын көреміз. Олардың үгіт-насихаттарына үңілсеңіз, “Біз де кедейміз, біз үшін де кедейлік асқан мақтаныш. Өйткені, құрып отырған мемлекетіміз де пролетариат диктатурасы. Совет адамы дегеніңіз – кедей адам. Совет ұлты дегеніңіз – кедейлік. Иасауидің де арман-дап кеткен мұраты осы езілген кедейлердің билікке жетуі болатын...”. Кеңестік идеология тұсында лауазымды қызметтегілер үшін кедей-шаруа тегінен шығудан асқан артықшылық болған жоқ. Бұл кеше болатын.

Бүгін бұл сала, яғни Иасауитану мәселесі Қазақстанда да тәуелсіздіктен кейін қарқынды зерттеу нысаны ретінде ешқандай “ұрансыз-ақ” өзімізді тану мен ұлттық-мәдени болмысымызды жандандырудың, жаңғыртудың негізіне айналды. Бірақ, оның ілімін тереңірек тану, мұрасын игеру жағына келгенде ескі сарындардан әлі де арыла алмай келеміз. Бұл туралы академик Ә. Нысанбаев, “Қаншама жыл бойы идеологиялық үгіт-насихатының шырмауына түссе де, қарапайым халық “Әзірет Сұлтан” деп пір тұтқан, қабірінің басына барып тәу еткеннің өзін “кіші қажылық парызымды орындадым” деп көңілі марқаятын ұлы тұлғаны біздің ғалымдарымыз әлі күнге дейін “мұсылман мистицизмінің”, “миссионерлік сопылық әдебиеттің” ірі өкілі деп марапаттаған болып жүр. Мұндай материалистік ұшқарылық пен еуропаорталықтық түсінік табынан арылмаған қасаң рационалистік әдіс арқылы Иасауи даналығының сырын білмек тұрмақ, маңына да жолай алмаймыз...”–деп, бұл ілімге соны арнаның арнайы көзқарас пен әдістің қажеттілігіне меңзейді. Әдебиетші-ғалым Т.Есембеков болса, “иасауитану бойынша зерттеулер “Болмыс Бірлігі” тұжырымдамасына негізделген ғашықтық философиясының негізгі ұстанымдары тұрғысынан қарастырылуы керектігі туралы орынды ой түйіп, Иасауи мұрасын жасанды түрде қазіргі заманға икемдеу немесе керегін ғана алу емес, керісінше, өлмейтін мазмұнды оның ішкі дамуы және уақыт төрешілігіне байланыста, табиғи болмысын сақтай отырып пайымдау”-деп Иасауитану саласының бағытын бағдарлауда маңызды ұсыныстар айтады.

Досай КЕНЖЕТАЙ,
философия ғылымдарының
докторы, профессор



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ДОСАЙ КЕНЖЕТАЙ
профессор

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ ӨМІРІ мен ИАСАУИЛІК МӘДЕНИЕТІ



Қожа Ахмет Иасауи – сұлтанул ариф ин, пир-и Түркістан, яғни, даналардың данасы, түркі елінің пірі, әулиесі, Исфиджаб қаласында (тарихи ектердегі шаһардың ескі аты немесе түрікше атаулары Ақсу, Ақтұрбат, Ахшар) бүгінгі оңтүстік Қазақстандағы Сайрамда дүниеге келді. Бірақ Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» атты еңбегінде өзінің Түркістанда туғандығын көрсететін мәліметтер де кездеседі. Әлішер Науаи да өзінің атақты «Нафаһат – ул – Унс» атты кітабында «Қожа Ахмет Иасаудің туып өскен жері – Түркістан» деп көрсетеді. Дегенмен, бұл мәліметтердің ғылыми-сарапталу процесі аяқталған жоқ. Оған себеп, Қожа Ахмет Иасаудың өмірі, қызметі, тарихтағы орны мен маңызы жайындағы сүйенер дәйектер мен деректер негізінен алғанда қат-қабат «аңыз әпсаналармен» көмкерілген. Міне, сондықтан да қазіргі таңда Иассауитану саласының алдында тұрған мәселе, Иасауи дүниетанымын зерттеудегі методологиялық талдаулардың, зерделеудегі құжаттық материалдардың әлсіздігі екені белгілі. Әйтсе де, бұл мәселенің шешімі мүлдем жоқ деуге болмайды. Кеше үстем батыс мәдениетінің ошағында қалыптасқан «Европацентристік» түсініктен арылып өзіміздің төл дәстүрлік түркілік дүниетаным негізінде өз мәдени құндылықтарымыз бен тарихымызға өз тереземізден үңіле алар жаңаша ғылыми көзқарас қалыптастыра

білсек, жоғарыдағы өзіміз жасап отырған «түйедей мәселелер» алдымызда тізе шөгіп, жүре берер еді.

Жоғарыдағы Иасауидің туған жері мәселесіне оралатын болсақ, оның Сайрамда туғандығы туралы мәліметтер құндылығы жағынан ауыр басып отыр. Сол кездегі парсы, араб және түркі тілдерде жазылған деректер Сайрам (Исфиджаб) қаласының, сауда жолының ең маңызды орталығы екендігі, экономикалық жағынан өркендеуі ең бастысы, ислам дінінің Мавренахдрағы (Орта Азиядағы) түркі тілдес халықтардың орталығына айналуы, исламдық кәләм – фикһ, хадис, тафсир, тассауф (суфизм) ілімдерінің дамуы Исфиджаптан ханафилік мазхабтағы көптеген ғұламалардың шығыуы, сол дәуірдегі Аббасилер халифатының Мауараннахрдағы соңғы одақ шекарасы болуы, онда рибаттардың-мұсылман әскери бекіністерінің шоғырлануы, түркі тектес тайпалардың ең бірінші мешітінің Исфиджапта салынуы, Қожа Ахмет Иасауидің әкесі Ибраһим шейхтің осы Исфиджабта тұрып қызмет істеуі, Исфиджаб тұрғындары арасындағы оның атақ-даңқы, Иасауидың ең алғашқы ислам әліппесін үйреткен ұстазы Баһа-уд-Дин Исфиджабидің осы қаладан шыққандығы сияқты тарихи деректер Қожа Ахмет Иасауидің Исфиджабта дүниеге келді деуге сенімді дерек көзі болып отыр.

Иасауидің туған жылы да анық емес. Кейбір зерттеушілер Иасауидің 73 жыл өмір сүргендігі және 1166 жылы қайтыс болғандығын негізге алып, оны 1093 жылы туған деген пікірде. Кейбір деректер оның 125-130 жыл өмір сүргенін және 1166 жылы өлгендігіне сүйеніп х.437/м. 1041 жылы туғандығын қуаттайды. Атақты Иасауи танушы Фуат Көпірулү анық көрсетпесе де, оның туған жылы 11 ғасырдың бірінші жартысы. Өзбекстандық зерттеуші Х. Ғуламов 1097 туған десе, соңғы жылдардағы Иасауитанушылардың басым көпшілігінде Қожа Ахмет Иасауидің 1103 жылы туған деген көзқарасы басым. Хусайин бин Али әл-Уаиз Кәшифидің «Рашахат» атты еңбегінде оның хижралық жыл санақ бойынша 562 жылы (1166-1167) қайтыс болған туралы дерек бар.

Қожа Ахмет Иасауидің шыққан тегі жағынан түрік, Исфиджабта атақты даңққа бөленген әулие Хз.Алидің ұрпақтары ретінде танылған. Шайх Ибраһим ұлы екендігі белгілі. Анасы Мұса шайхтың қызы-Айша Хатун (қазақтар оны Қарашаш Ана дейді). Мұса шайх та Исфиджабта әулиелік кереметімен танылған ұлы адам болған. Тарихи деректерде Ибраһим шайхтың Ахмет және Гауһар екі перзенті болғандығы туралы мәліметтер басым. Иасауидің білім алу аясы, өскен ортасының сол кездегі тарихи-әлеуметті жағдайына келер болсақ, бұл мәселеде де нақты деректерге қарағанда, жарым-жартылай айтылған жорамалдар мен болжамдар үйіндісіне тап боласыз. Әрине, сол кездегі түріктердің орналасқан жерлерде яғни Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Иасы, Сарбан, Сығанақ, Шаш, Сүткент, Джент, Весиж, Кудур, Шилжи, Отлук, Өзкент т.б Мауараннахр қалаларындағы араб жаулаушылары мен миссионерлерінің (да'индерінің) әрекеттерінің алғашқы 9 ғасырда саяси сипат алған болса, 10 ғасырдан бастап түбегейлі исламдық ілімдердің дамуына бағытталған тәлім-тәрбиелік ордалардың-медресе, теккелердің орығуымен бірге қоғамдық исламдық-руханиаттық ахлақи (моральдік) принціптерімен бірге экономика мен сауданың дамуына негізделген жаңа мемлекеттік сипаттағы жүйелер қалыптаса бастады. Әрбір қала, мемлекеттерде, қорғандарда, елді-мекендерде мешіттер, медреселер мен теккелер бой көтерді. Қоғам ислами шариғат (діни заңдық қағидалар жүйесі) негізінде реттеліп, әлеуметтік, этика-психологиялық, экономикалық қарым-қатынас орныға бастады.



Исфиджаб қаласы Иасауи дүниеге келмей тұрып, 100-150 жыл бұрын ислам дініне қаратылған болатын. Бұл топырақтар халифа Мұғтасим (833-842) дәуірінде исламмен таныс болып саманилер (819-1005) кезінде мұсылман болды. 960 жылдары Шаш пен Фараб (Отырар) арасындағы 200-ге жуық ауыл исламды қабылдаса, X ғасырдың бірінші жартысына қарай Қашғар мен Баласағұн аймағы дінге кірген болатын. Исфиджаб пен Иасы (қаз. Аса, Жаса) қалалары да осы кезеңдерде ислам территориясы ішіне кірді. Тарихшы Мақдиси Сайрамды былайша суреттейді: «Исфиджаб үлкен орталық. Халқы іскер. Онда тігіншілер базары, төрт қақпалы мешіт бар.Әрбір қақпа алдында рибаттар орналасқан.Қақпалары: Нужакет, Фарруxан, Шакирана және Бұқара деп аталады. Пақырларға күн сайын қатық, нан таратылады. Жеті мың дирхамдық базар табысы қайырымдылақ үшін жұмсалады. Бұл қала Исфиджаб жиһад орталығы...», десе араб тарихшысы Ибн Хакал да: «Исфиджаб өте бай, табысты қала. Хорасан мен Мауараннахр қалаларына харадж салығы салынғанда, Исфиджаб қаласынан ешқандай салық алынбаған.XI ғасырда Арғу мен Оғыз екі мемлекет арасындағы шекара түріктердің әскери бекінісі – Сайрамнан өтетін еді...» /Yazıcı 1993,4/- дейді.

Иасауидың ұстаздарының көшбасында Арыстан Баб тұр. Кашифи, «Рашахат-ул айн-ил хаят» атты еңбегінде Иасауидің Арыстан Бабтың шәкірті болғандығы, одан захир және батын ілімдерінің сыры мен мәнін үйренгендігі, 16 жыл оған қызмет еткендігі туралы мәлімет береді. «Диуани хикметте» де Арыстан баб туралы жиі сөз етіледі. Иасауидің өмірі мен қызметі туралы жазба деректерде оның Юсуф Хамаданидің (1049-1140) шәкірті екендігін көрсететін мәліметтер бар. Бұл мәліметтердің негізгі қайнары Хазинидің «Жауахир-ул Абрар Мин Амуаж-ил Бихар» атты еңбегі. Иасауи тариқаты мен ілімінің ерекшеліктерін зерттеудің соңғы 10-15 жылдың нәтижесінде Иасауидің Юсуф Хамаданидің шәкірті болмағандығы туралы деректер көбейіп келеді.Түркістандық Иасауи танушы Муминов, Иасауидің алғашқы ұстазының Баха уд-Дин Исфиджаби екендігін айтып жүр.Бұл әлі де зерттеуді қажет ететін пікір. Дегенмен, Исфиджабидің өмір сүрген уақыт пен кеңістікке сүйенген тарихи деректерді негізге ала отырып, бұл пікірдің шындыққа жақын екендігін айта кеткен де жөн болар /Муминов. 1996.22-30/. Тағы бір ұстазы Шихаб уд-дин Сухрауарди (х. 539/м.1145-х.632/м.1234) деп, Хусамаддин Хусайн бин Али Сығнақидың (х. 711/м.1311) «Рисаласында» айтылады. Бұл мәліметтің қай жағынан алсаңыз да, шындыққа жанасар жөні жоқ екендігі белгілі. Иасаудің кейбір деректерде Ибрахим атты ұлы мен Гаухар Хошназ немесе Жауһар Шахназ атты қызының болғандығы туралы айтылады. Негізінен алғанда Иасауидың ұрпағы осы қызынан тарайды. Тарихта өзін Иасауидың жұрағатымын деп таныстырған Самарқандтық Шайх Закария, Ускуптық Шайыр Ата, атақты әулие Челеби, Хафыз Ахмет Иасауи-и Нақышбанди (XVII ғасыр) сияқты атақты тұлғалар бар. Бұлар ғылыми сараптауды қажет ететін мәліметтер.

Иасауидің алғашқы халифасы (шәкірті) атақты Арыстан Бабаның ұлы Мансур Ата (х. 594/м.1197), екінші халифасы - Саийд Ата Хорезми (х. 615/м.1218); үшінші халифасы - Сулейман Ата Бақырғани (х. 582/м.1186).Иасауидің ең мәшһүр халифасы Сулейман Бақырғани (Хаким Ата) екендігі жайында Кашифидың «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты кітабынан көруге болады. Хаким Атаның «Бақырған кітабы», «Ақырзаман кітабы» және «Мәриам кітабы» сияқты мұралары Орта Азия мен Еділ-Орал аймағында кеңінен танымал. Оның мұраларындағы негізгі тақырыптар, сопылық-дәруіштік халдер,



хикметті сөздер категориясы оның Иасауи дәстүрінің мирасшысы екендігін көрсетеді. Оның мұраларында Диуани Хикметтің рухы жанданып, жалғасын тапқандықтан, Фуат Көпрулу Сүлеймен Атаны «Иасауидің хикмет дәстүрін жалғастырушысы әрі жаңғыртушысы» ретінде бағалайды. Тағы бір мәшһүр халифаларының бірі Иасауидың «Мират-ул Қулуб» атты мирасын хатқа түсіріп, аманат қылып қалдырған Суфи Мұхаммед Данышменди (шамамен м. 1220 қ.б.) болып табылады. Иасауи



мәдениетінің жалғасуы мен таралуы Зеңгі бабаның тарихи қызметіне қатысты. Садыр Ата, Бадр Ата, Қажы Бекташ Әулие, Сары Салтұқ, Шайх Лұқпан Перенде сияқты тұлғалар да оның шәкірттері саналады. Александр Беннигсон Иасауидың Шопан Ата және Қара Баба атты шәкірттерінің болғандығын айтады. Иасауи ілімі мен хикмет дәстүрінің Дешті Қыпшақ даласында, Түркімен Үстірт бөлігінде Әзірбайжан Каспий маңында, Анадолы, Балх, Герат, Үндістан және Ауғанстан өңіріне дейінгі кең алқапты қамтыған. Науаий, Фузули, Мақтұмқұлы, Юнус Әміре, Мевлақұлы мұраларын оқи отырып Иасауи дүниетанымын, дәстүрін, тілі мен ділін, жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рухты көруге болады. Иасауидың Диуани Хикмет, Мират-ул Қулуб, Пақырнама сияқты мұраларынан оның ілімінің мәні мен маңызын анықтауға болады. Иасауи ілімінің тереңіне бойлай білу үшін оның хикметтерінің тілін, сопылық символдармен нақышталған ұғымдардың кілтін аша білу маңызды. Бұл ең басты шарт болып табылады. Хикмет - сопылық категориялар негізінде мәні мен мақсаты ашыла түсетін, адамның түпкілікті ақиқатқа, Хаққа жету болып табылады. Мақамдар мен халдер - махаббат, зікір, риязат осы мақсатқа жетудің методтары мен басқыштары. Иасауидың дүниетанымдық концепциясының теориялық негізін шариғат пен мағрифат құраса, ал практикалық негізін тариқат белгілейді. Иасауи дүниетанымының мәні - «адамның өзін - өзі тануы» арқылы «Хақты тану». Бұл жолдың алғашқы мақамы «тәубе», соңғысы да «құлдық» (убудийат, абд) мақамы. Бұл жолда адам «жаратылған - мен» екендігінің ақиқатына, жаратылыс сырына көзі жеткенде өзінің адамдық парызының «Алла мен адамның және адам мен қоғамның» арасында» көпір - жол» болу екендігін ұғынады. Иасауиде адамның табиғаты Құранда да айтылғандай, су мен топырақ. «Асылың білсең су уа кил (топырақ), және килге (топыраққа) кетер йа», - дейді. Бұл жерде топырақтың сопылық мағынасы адамның жаратылыс табиғатын, парасаттылық пен қарапайымдылықты білдіреді. Ол парасатты адам деп топырақ тектес, қарапайым, менмендіктен арылған адамды айтады. Бұған қарама - қарсы нәпсіқұмарлық, менмендік, қуыс көкіректік - адамды адамдықтан ажырататын құбылыстар. Нәпсіге құл болуды, менмендікті надандық деп бағалайды. Осы надандық, менмендіктен арылғанда ғана адам, адам деген ардақты атқа лайық бола алады. Бұл жерде данышпан Абай да :

«Адам бір боқ көтерген боқтың қабы, Өлсең сасық боласың одан да әрі, Сенімен мен тең бе деп шіренесің, Белгісі надандықтың оның бәрі» деген өлеңінде, менмендікті надандық ретінде сынап, жиіркенішті символдық тілменен түйреп өтеді.

Жалпы қазақ мәдениеті мен философиясы тарихында Қожа Ахмет Исауи тұлғасы, оның дүниетанымының мәнін зерделеу, көптеген философиялық, діни, моральдық - этикалық проблемалардың түпкілікті ерекшеліктерін зерттеу ісі жалғаса берері сөзсіз.

СОПЫЛЫҚТЫҢ ТАНЫТЫМЫ

СОПЫЛЫҚТЫҢ МӘНІ мен Қожа Ахмет Ясауи МҰРАСЫНЫҢ ЖАЛҒАСТЫҒЫ


Ясауи дүниетанымының қалыптасуына, сол арқылы қазіргі Қазақстан территориясында ислам мәдениетінің кеңінен өрістеуіне бірден-бір ықпал еткен сопылық ой-таным жолы болғандығы анық. Ясауилік жолдың маңызын оның ғылыми және рухани нәр алған сопылық философиясының ұстанымдары, ойлау жүйесі, ілімді тарату әдістері мен сопылық ұғым-түсініктер жүйесінен бөлек қарастыра алмаймыз. Яғни еліміздің тарихы мен мәдениетін зерттеу сопылық құндылықтар әлемін тануға бізді сөзсіз алып барады. Сол себептен, «Қожа Ахмет Ясауи және сопылық» біртұтастылығы ажырамауы тиіс. Қожа Ахмет Ясауидің діни мұрасы мен түркі-мұсылман кеңістігі өркениетіндегі сопылық құндылықтар арасындағы үндестік пен сабақтастық біздің ойымызды бекіте түсті. Мұсылмандық дүниетанымды қалыптастыру және рухани құндылықтар қорын жасауда сопылық ілімінің үлесі зор. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметіндегі» ұғым-түсініктердің, біріншіден, ішкі мәнін ашуда сопылық терминдердің түсіндірме сөздіктерін жасау өзекті болса, екіншіден, жаңа дерек көздерін аударып, бұл саланы терең қарастыру қажеттілігі қашанда алда тұрады.

«Диуани Хикмет» сынды сопылықты танытқан шығармалардың жазылу мақсаты - талаптанушыларды осы жолға бастау. Құран, Пайғамбар сүннеті мен сахабалардың пікірлерін, мұнымен қоса илахи шабытты білім көзі деп қабылдайтын сопылықтың исламға жәрдемші ретінде мұндай құндылығының болуы табиғи нәрсе. Сопылықтың мәні мен негізін қалаған мұсылман ғұламалары мен ойшылдарының арқасында сопылықпен өмір сүру кейпі құрылып, ислам мәдениетінің көтерілуі мен баюына үлкен үлесте қызмет көрсеткен рухани тәртіп негізі қаланды. Шығыстың көптеген халықтары өз ұлттық тарихын әлі де сопылықпен байланыстыра зерттейді. Сондықтан исламдық құндылықтардан бастау алып, қазақ дүниетанымы қалыптасуының бастауларында тұрған сопылық ілімін және оның ішкі ұғымдық жүйесін қарастыруды яссауитанудың аса қажет тармағы деп қарастыруға болады.

Сопылық таным хәл-мақамға негізделген білім қоры болғандықтан, онда білінгеннен гөрі білінбейтін жасырын мән мен сипат бары айқын. Сол себептен сопылық танымды жаттанды рационалды білімнен гөрі мейлінше белсенді және іштей тәртібі бар білім деп қараған дұрыс. Сопылықтың білім емес, таным, марифат, илхам, мистикалық білім деп сипатталатыны да осылайша нақтыланды. Сопылықтағы татып көру, яғни «дертті болу», білім жолында жүргеннен гөрі халді бастан кешірудің маңыздылығы да бұл таным жолын ерекшелейтіндігі және осылайша «ашық» білімнен жоғары тұратындығы тұжырымдалды. Қожа Ахмет Ясауидің өзі хикметтерінде «дүние малын күйттеген» ғылым-білім жолындағы ғалым жағдайын «есіл өмірі зая кетті» деп бағалаған. Сопы ойшылдың ойынша, шариғат қағидаларын берік ұстанған адам дүниеден биік тұрып, «зинхар тұтып», яғни бос сөйлеуден қашқақтап, «аят-хадис» басшылығында ғана дұрыс жолда бола алатындығына баса назар аударылған.

Сопылық, яки тасаууф дегенде біз Ислам әлемінде сопы не дәруіш деп танылған тұлғалардың пікірлері мен көзқарастарын ойға аламыз. Мұхасиби, Ғазали, Ибн Араби, Қожа Ахмет Ясауи сынды ойшылдар басты тұлғалар саналады. Бұл сопылар бірдей ұқсас көзқарасты ұстанған дей алмаймыз. Алайда Тәңірді зауқ пен хал жолымен танығаң ахлі таса-

ууф мейлінше жүйелі негізі бар танымға ие болғанында күмән жоқ. Хал арқылы танымға негізделген жүйені алғаш сопылардан Калабази, Күшейри сынды сопы ойшылдар еңбектерінде сипаттап кеткен. Көп жағдайда олар сопылықтағы таным жолының хал ілімімен байланыстылығын алға тартып, бұл сопылықты дұрыс түсінуге кедергі болғанын айтқан. Бұл турасында әл-Ғазали былай деп кеткен: «Сопылық тақырыбында ислам әлемінде үш түрлі пікір бар: 1). Кейбіреулер сопылықты түгелімен терістейді. Олардың пікірінше, исламда сопылық жоқ. Ол сырттан енген ағымдар әсерімен пайда болған. 2). Кейбіреулер сопылық дегенде жасырынуға көшіп, шариғатқа лайық емес пікірлер айтып, лайықсыз әрекеттер жасайды. 3). Үшінші пікір – орта жол. Бұлар сопылықты жоғары ислам моралі деп түсінеді; жамандықтардан арылу; жақсы және көркем мінезге бөлену; рухани түрде құдайға жақындау үшін тырысу». Әл-Ғазали үшінші жолды көрсетуі арқылы бір-біріне қарсы алғашқы екі жолды терістейді. Яғни, сопылықты терістеу де, оны бұрмалау да дұрыс еместігі үшінші жолмен дәлелденеді. Үшінші жолға назар аударсақ, ислам моралі деуімен әл-Ғазали сопылық жолды рухани кемелдену барысы деп анықтайды.



Сопы ойшылдың ойынша, шариғат қағидаларын берік ұстанған адам дүниеден биік тұрып, зинхар тұтып, яғни бос сөйлеуден қашқақтап, «аят-хадис» басшылығында ғана дұрыс жолда бола алады:

«Құл Қожа Ахмет дүние көрсең аулақ қашқыл,
Зікір айтып тариқаттың жолын ашқыл.
Аят, хадис сөзіменен алтын шашқыл,
Жарандардан дүр мен гәуһар алғым келер».

Қожа Ахмет Ясауи түсінігінде «дүние әлемі» ұғымы оған мүлде қарама-қарсы ұғымдармен ашып түсіндіріледі; олар: аят-хадис, зікір, дүр-гаухар, зарын тербеу. Бұл әлемді Омар Хаям фәлсафи сипатпен беріп өткен:

«Уақытша әлемде өліп бітеді бәрі де,
Мәнсіз заттар құлдығына сатылма ештеңеге де.
Бұл әлемде мәнді деп рухты ғана есепте,
Өйткені ол берілмейді затқа тән өзгеріске».

Қожа Ахмет Ясауиге дейін келіп, одан бізге жеткен сопылыққа тән бейнелі тәсілдің қазақ ойшылдарының шығармашылығында көрініс табуы, Қожа Ахмет Ясауидің түркі халықтары арасында сопылық ілім қағидаларын сақтауға, оны насихаттарында қолданғандығымен тікелей байланысты. «Сан ғасырларға созылған Қожа Ахмет Ясауидің сопылық дүниетанымы мен сопылық поэзияның классикалық деңгейіне көтерілген ақындық дәстүрін жалғастырып дамытушы сопы ақындар XX ғасыр басына дейін жетті... Ендігі күн тәртібіндегі күрделі де қиын мәселенің бірі – қазақ таным мен сопылық поэзия нышандарының белгісін танып білу мәселесі көтеріліп отыр», - деген ғалым Мекемтас Мырзахметұлы қазақ ойшылдарының шығармаларында кең жайылған сопылық метафоралық бейне-образдарды зерттеу керек екендігін және бұл сөзсіз классикалық сопылық поэзия деңгейін аңғартып тұрғанын айтады.

Қожа Ахмет Яссауиге дейін және кейінгі ислам өркениеті кеңістігінде сопылық ілімінің еш үзіліссіз жалғасқандығынан, сопылық категорияларды қолдану тұрғысынан сараптап қарағанда, барлық дерлік қазақ ақын-жыраулардың, ойшылдардың шығармашылығы сопылық танымға құрылғандығына көз жеткізуге болады. Қазақ ойшылдық мектебінің Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшхүр Жүсіп Көпейұлы сынды өкілдері мұның айқын мысалы бола алады. Сопылық ұстанымдарына, ұғым-тәсілдеріне арқа сүйеген қазақ ақын-жыраларының мұрасын терең талдауда діни-сопылық таным негізге алынуы керек.

Қымбат ҚАРАТЫШҚАНОВА,
философия ғылымдарының
кандидаты, доцент

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ТІЛДІК АСПЕКТІСІ

Рабиға СЫЗДЫҚ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ: ТІЛ ЖӘНЕ ДІЛ

Араб пен парсы сөздерінің қазіргі қазақ тіліне жазба әдебиет арқылы да, ауызша сөйлеу тәжірибесі арқылы да келгенін дәлелдеуде де Иасауи мен ол құрған сопылық мектептің мұралары-таптырмас материал. Өйткені Иасауи хикметтері мен өзге сопылардың поэтикалық дүниелері көпшілік халық арасына ауызша тарағаны мәлім. “Дін - халықтың санасын улайтын у” деген концепцияны ұстанған коммунистік идеологияның қысымымен 60-70 жыл бойына айтылмай, оқылмай, ауызша да, жазбаша түрде де көпшілік қауым арасына таратылмай келген Иасауи мұрасы бұл күндерде еркін сөз болып, кеңінен жарияланып, зерттеліп жатыр. Қалың көпшілік, әсіресе жастар бабаларымыздан қалған жазба ескерткіш ретінде де Хикметтерімен жақын танысуға, түсініп оқуға бет бұрған тәрізді. Сол себептен ескерткіш мәтініндегі әрбір сөздің мағынасын, түп-төркінін білгісі келетіні даусыз. Осы зерттеу жұмысымызда діни терминдік мәндегі бірнеше арабизмдерді талдап көрсетуді көздедік.



Зерттеушілер суфизмнің мистикалық пантеизм концепциясын ұстанғанын, ал пантеизмнің өзі екі бағытта болғанын айтады. Бірі - табиғат танымдық, екіншісі - мистикалық пантеизм. Алғашқысында таным құралы – ақыл-ой болатын болса, соңғысында құдайды тану адамның ақыл-ой қабілетінен тыс тұрады, яғни сопылар өз назарын тек қана жалғыз жаратушының мәніне ғана аударуға тиіс. Мұны түсініктірек етіп айтсақ, сопылар ілімі адамның құдайға оралуы ойлау арқылы емес, ақыл-парасаттан тыс сыр ашу жолымен жасалады. Демек, Иасауи тіліндегі діни терминология мен өзге де лексика-фразеологиялық бірліктерді, дәлірек айтсақ, бұл сөздердің мағыналарын осындай танымға қатыстырып содан шығарып түсіндіру қажет. Әрине, мұнда да басты фигура болып адам тұрғанымен, суфизмнің таным теориясы материалдық заттар дүниесін солардың бірі - адамды тануға емес, құдайды тануға саятындықтан, адам өзін тану арқылы құдайды танитындықтан бұл танудың, яғни құдаймен қосылудың, құдайға сіңіп кетудің жолып сөз етеді. Бұл реттегі лексикалық бірліктердің дені араб, парсы болып келетіні аян. Түрік ғалымы проф. М.Ф.Көпрүлү: Иасауи Хикметтерінің тақырыбы дінге, осы діннің бір ағымы-суфизмге қатысты болғандықтан, мұнда Иасауи қалыптасып қалған терминдерді қолдануға мәжбүр болды... Жаңа діни ағымға қатысты жаңа терминдердің түсініктерін парсы ғалымдарының шығармаларынан алды деген пікір айтады. Бұл пікірге біз де құлақ асамыз. Енді солардың бірқатарын көрсетіп өтелік.

Иасауидың «Хикметтерінде» ишқ деген (және одан туындаған ашиқ, ашиқлиқ») теологиялық термин негізінен бір ғана мистикалық аллегориялық мағынада қолданылады, ол «Аллаға деген сүйіспеншілік, Алланың нұрына ғана ғашық болу», өйткені сопылық ілімді меңгерген әрбір адам өзін Алланың бір бөлігі деп танып, Алламен табыса алады. ол үшін Құдайды (Алланы, Хақты) ғана сүю қажет. Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл-сопылық поэзияның басты сарыны(тақырыбы). Мысалдар келтірсек: «ишқ йүгіні йерге салсам, йер көтәрмәс»; «андағ болмай ишқ да уысын қылған бар му». Бұл өлең жолдарындағы ишқ тұлғасы-абстракт есім атауы («ғашықтық» деген сияқты). «Ишқ» түбірінен «ашиқ», «ашиқлиқ», «ашиқсизлар» деген сөздер өрбіген. Мәтінде «ашиқ» сөзі әрі зат есім («хаққа ғашық адам»), әрі сын есім қызметінде келеді: «ашиқларны шийуасы, куфт-у қудур миуасы». «Ишқ» сөзі чин ашқ, иалған ашиқ» деген сияқты терминдік тіркестер де құрайды. Йалған ‘ашиқ йолға кірсә іші хата, чин’ ашықны көзі йашлығ, өзі ада. Ишқ сөзі ищқ йүзі, ишқ дәрйасы, ишқ сөзі, ишқ дүкәні, ишқ шиддаты, ишқ саудасы, ищқ гаухары сияқты тіркестермен де келеді. Жалпы Ислам дініде Алланың 99 аты бар деп айтылады. Иасауи хикметтерінде сол 99 атының ең жиі кездесетіндерінің бірі - Хақ сөзі, ол жаратушы,құдай мағынасындағы термин, арабша толық синонимі – Аллах. Иасауи тілінде сан жағынан Алла, Құдай, Хақ синонимдерінің ішінде хақ варианты жиірек қолданылған. Бұл сөздің қатысуымен хақ йады, хақ дәргахі, хақ құллығы, хақны таптақ илхамі сияқты тіркестер жасалып, олар сопылық ілімнің терминдік бірліктеріне айналған: хақдын ешітіб айды мұны Ахмет дана; хақ йады білә бәндә мудам болгәні бихрақ; өзіні білді ерсә, хақны білді; андын соңра хақ йолыгә салды дустлар.

Мұндай тіркестердің ішінде Алланың бір аты - хақ Мустафа. Мустафа сөзінің мағынасы «таңдаулы, жеке дара озып шыққан адам», бұл сөз көбінесе хақ теринімен тіркесте келеді; Хақ Мустафа көрсетілген мәңгә жамал. Хақ сөзімен келетін әнә әл-хақ тіркесінің мағынасы айрықша: бұл - «мен хақпын, құдаймен (хақпен) бірліктемін деген фраза. Хақ (Алла, Құдай, Жаратқан) шексіз дүниенің иесі. «Мен-Хақпын» дегені «Хақпен табыстым »деген мағынада айтылған. Бұл сөзді айтушы Иасауиден бұрын өткен мистик сопылардың ең мықтысы - Мансур әл-Халладж, ол бұл фразаны «құдайдышындықты (хақты) тану жолында соған сіңіп, қосылып кеткендей болған экстаз кезінде айтқан(астамшылық білдіріп емес),ол үшін, яғни өзін құдаймен теңестірді деп, Бағдаттағы дін иелері ортодаксалдық исламды жақтаушылар кешірмей, оны дарға асқан. Иасауи бұл тіркес терминді бір-ек жерде келтіреді: «Мансұр йың лығ әнә әлхақ дәб ғауға» қылсам. Бұл фразанң Хикметтер мәтінінде көп кездеспегенімен, сопылық ілімді тануда, оны әңгімелеуде маңызы зор екенін ескеру керек.

Алланың тағы бір символдық атауыху, ол дегенді білдіреді. Дәруіштер бұл сөзді жүрегімен айтуға тиіс болған, сол кезде ғана олар Алламен сіңісе алады. Бірақ

ху дегенді осы мақсатта айту өте қиын болған. Алланың ху символдық синонимі жеке де, ху зікрі сияқты тіркес құрамында да қолданылады: Ишқ кәләмі зауқы таамны айтыб билмәс, ху-ху зікірін айтыб тойар дустлар; дебан хақ цадыны етіб әығлаб; ху дәгәндә сүйәкләрің чақмақ чақсун. Соңғы мысал ретінде ху деу дегенді қолданудың мақсатын айтады: Алланы Ол деп, символдап, барша ықыласымен айтқан дәруіштің сүйектері от тұтататындай күйіп-жануы керек, сөйтіп ол дәріуіш Алламен табысуға, оған сіңіп кетуге тиіс.

Иасауи ұстанған сопылық ілімнің миститкалық-пантеистік концепциясы - құдайға сеніп, онымен табысу орыс ғылымында: полное растворение человека общество бога болса, ол фана фи-л-ләхи деп аталған: фана-жоқ болу, яғни Аллаға сіңіп жоқ болу. Хақты Алланы, Құдайды танудың сатыларын атайтын шариғат, тариқат, мағрифат, хақиқат сөздері сопылық ілімнің ең мәнді терминдері болғандықтан, Иасауи мұрасының мәтінінде бұлар жиі кездеседі. Шариғат - суфизмнің бірінші асуы, сатысы, бірінші асудан өту ережелерінің жиынтығы. Сопылық ілімді арнайы зерттеушілердің анықтауынша, бұл асуда: иман келтіру, хақ тағаланың барлығына, бірлігіне шек келтірмеу, намаз оқу, ораза тұту, зекет беру, қажылық қылу, ғылым-білім үйрену, жамандық жасамау мақамдарын өтеуге тиісмақам сөзі тоқтам, тұрақ, аялдайтын мекен дегенді білдіреді, яғни сопылық асулардан өткенде аялдайтын тұста - шарттар. Ал қазақтың қолданыстағы шариғат - Құранға негізделген мұсылмандық ережелер жинағы, яғни Исламдық діни заңнамалар кодексі.

Келесі сатының аталуы - тариқат, бұл сөз араб тіліндегі тариқ жол дегеннен туындаған, тариқат-сопылық жолы. Тариқат - басты саты, мұндағы негізгі мақамдар: тәубе, пірге қол беру, хақтан қорқу, насихат тыңдау, әділ болу. О баста тариқат пальма ағашы дегенді білдірген, сопылық жолында болу мәніндегі терминге келіп айналған. Танымның екінші сатысын игеріп болған соң, дәруіштер үшінші саты мағрифатқа көшеді. Мағрифаттағы мақамдар: дәруіштікті орыс ғылымында девишизмді қабылдау, танымға жету, ақыретке дайындалу. Соңғы, төртінші саты - хақиқат, бұл араб сөзінің мағынасы шындық, соңғы сатының мақамы: таза болу, бұйырғанға қанағат қылу, сопылық сырды сақтау. Тариқат пен хақиқат сөздерін мистицизм ағымы қолданған атауыш сөздер белгілі бір терминдік дефинициясы бар деп санайды. Осы сатылардан өтіп, мақсатқа жетуге қатысты сөздің бірі-ләмәкән, ол - жетілудің жоғарғы дәрежесі, яғни Алланың бір белгісі, Аллаға берілетін тең-еулердің бірі. Ләмәкән арабизмінің лексикалық мағынасы - жоқ мекен, яғни материяға: мекен мен кеңістікке тәуелсіз дүние деген Алланың сипаты. Хикметтер мәтінінде ләмәкән сөзі осы көрсетілген мағынада, жаратушының сипаттамасы ретінде қолданылады: көоүб дидарыны ол лә мәкәнні\көзі ачса билмәс найанда, ләмәкнні шухраты кезгән ашық шахраты.

Осы сатылардан өтуге міндетті жандар - сопылар.

Иасауи мен оның ізбасарлары суфизм ілімін уағыздайтын, сопылық жолға түсіретін сатыларды өтуді үйретететін сөздерін жәй насихат емес, ақылды, даналық сөздер деп есептеген және бұл ақыл сөздері қалың жұртшылыққа ертеден келе жатқан эстетикалық таным құралы - өлең тілімен беруді мақсат еткен. Хикметтер - поэтикалық дүние. Олар әдеби жанр жағынан біршама өзгеше, өзіндік болғанымен, негізі, яғни поэтикалық әдістері жағынан көшпелі түрік халықтарының ауызша айтылып келе жатқан әдеби үлгілерін пайдаланған. Мұны хикметтердің архитектоникалық бітімі; құрылымы, ұйқас, өлшем, ырғақ сияқты өлеңдік белгілері, көріктеуіш амалдары көрсетеді.

Хикметтер - діни ағымның өлең түрінде ұсынылған кодексі насихаттаушы, түсіндіруші ережелер жинағы деуге болады. Сондықтан Иасауи: мәні хикмәтләрім ашықның жаны дейді, яғни адамның жанына Аллаға деген ғашықтықты ұялататын құрал дегенді айтады. Залеман қолжазбасында бірінші деп белгіленген хикметте Иасауи өзі ұсынып отырған хикметтердің мәнін, мақсатын таныстырады. Бұл әрбір екі тармағы өзара ұйқасып құрылған 164 жолдық өлеңде Иасауи сопылық ілімнің құралы – хикметтердің мазмұнымен, қадір-қасиетімен таныстырып алады. Бұл хикметтің сөздері түсінікті,оқуға және ауызша айтуға жеңіл

аннотация іспетті өлең шумақтары болып табылады. Мұнда хикмәт сөзінің өзі мәні мен айған сөзүм; Иасауи сөзі деген вариантлармен алмастырғаны байқалады. Бас сопы суфи Иасауи өз хикметтерін дәрдігә дәрман дерттіге дәрмен, аламға дастан,талибның ризқы, сөзләргә султан сөз асылы, ол қанд-у әсал ол-балшекер, Ахмади мискин бу сөзні деп таныстырады. Сондықтан бұндағы хикмәт термині жалпы даналық сөз дегенді емес, тек Аллаға ғашықтарға айтылатын сөз деген ұғымда жұмсалады. Иасауи хикметтерінің қазақша аудармасын оқып отырғанда да бүгінгі оқырманның көзіне жиі түсетін пир пір, мурид мүрит, талиб тәліп, дәруиш дәруіш шакирд шәкірт сияқты сөздер бар. Олар да кәнігі ортодоксалдық исламға оппозиция құрған сопылық ілімге қызмет ететін, соны ұстанатын адамдардың атаулары.

Сопылық әдебиетте жиі кездесетін сөздердің бірі - пир (пір). Біздіңше, бұл да белгілі терминдік мағынасыдефинициясы бар атау. Пир - парсы сөзі, лексикалық жалпы мағынасы «қарт адам», ал хикметтерде сопылардың рухани басшысы (духовный наставник) деген арнайы мәнде қолданылады.Мурид-лексикалық мағынасы “оқушы”, ал сопылар тілінде мурид деп осы ілімді үйренуді бастаған шәкіртті атайды. Үйреніп болған соң, ол енді мурид емес, дәруиш болады. Ал муридтердің ұстазын үйретушісін муршид деп атау да бар. Талиб жалпы мағынасы ізденуші, ауыспалы мағынасы “үйренуші, шәкірт” ал сопылық оқудағы лауазым, яғни осы ілімді үйренуші ғана. Шәкирд (шәкірт) сөзі талиб сөзінің синонимдік қатарына жатады.Талиб сөзіне қарағанда, шакирд хикметтер мәтінінде сиректеу кездеседі.

Енді терминдік мәні бір Хикметтер мәтінінде жиі қолданылған тағы бір бірқатар сөздердің мағынасын түсіндірелік:

Зикр қазақ тілінде зікір тұлғасында келеді сөзінің араб тілінде жалпы лексикалық мағынасы дауыстап айту, ал дәруіштер ол сөзді құдайға құлышылық ету кезінде, Алланың атын естері танғанша айту мағынасында қолданылған. Иасауи Хикметтерінде де зикр сөзі осы мағынада жұмсалған: хуш ғаийбдін ауаз келді құлағымға, сұлтан Ахмади зикр айта деді, зикрін айтып йүрдүм мән-а; зикр қылыбын айта көксін тешті. Бұл термин зикр айт, зикр қыл, ху ху зикрі сияқты тіркестерде жиірек көрінеді. Халқә сөзі де дәруіштер үшін ерекше мәнді термин. О бастағы лексикалық мағыналары: 1) «алқа», 2)« үйірме»,3) мектеп. Сопылар қолданысында халқа – дәруіштердің алқа-қотан отырып, зікір айтулары, бұл - сопылық үрдісте негізгі карекет болған.

Араб сөзінің қолданысына қатысты және бір жағдайға көңіл аудару қажет сияқты. Бірақ түркітанушылар Иасауи өзінің шығармаларын жергілікті көшпелі тайпаларға түсінікті етіп, негізінен соларды сөйлеу тіліне жақындатып жазды дегенді айтады. Ал жергілікті көшпелі тайпалар негізінен қыпшақ пен оғыз тілдерінде сөйлеген. Бұл пікірді жоққа шығарғанымен, бірер тұсына күмән келтіруге болады: егер Иасауи немесе оның шәкірттері болса, Құранның алғашқы Тефсирлері (аударма түсініктері) сияқты жергілікті түркі халықтарына мейлінше түсінікті өз сөздерімен шығарылған болар еді. Ал алғашқы түрікше тефсирлердің тілінде діни ұғымдардың өзі түрікше болып келгенін зерттеушілер көрсетеді. “Хикметтерде” түрікше баламасы бар сөздердің арабша, парсыша, адекваттары ғана емес, мұнда халық тіліне (дәлірек айтсақ, күнделікті сөйлеу тіліне) енбеген, енетін қажеттілігі де жоқ, мүлде бейтаныс араб, парсы сөздері де жеткілікті. Демек,орта ғасырларда (XII ғасырдан бастап) түрікше ұсынылған шығармаларда, оның ішінде ислам дінінің бір ағымын танытатын сопылық және діни емес мазмұндағы араб пен парсы сөздерінің молынан қолданылғаны деп тұжырымдауға болады. Бұл молдық сан жағынан да қолдану жиілігі жағынанда көрінеді.



СҰХБАТ

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫ

Тарих ғылымдарының кандидаты, иасауитанушы
Зікірия ЖАНДАРБЕКпен сұхбат



Қожа Ахмет Иасауи туралы халық арасында қазіргі күні екі түрлі пікір бар. Қожа Ахмет Иасауи Мұхаммед пайғамбардан кейін екінші Ахмет (Мұхаммед пайғардан кейінгі екінші тұлға), әулие, Әзіреті Сұлтан деп атайды. Соңғы жылдары қазақ санасына «Қожа Ахмет Иасауи Аллаға серік қосушы, дінді бузушы» деген теріс пікір де қалыптасып үлгерді. Осы сұрақтарға не жауап бере едіңіз?

Қожа Ахмет Иасауи шындығында ұлы тұлға. Ол кісіні Мұхаммед пайғамбардан кейінгі екінші тұлға болғандығын орта ғасырлардағы ғұламалардың барлығы мойындаған деп айтуға болады. Мысалы, атақты Жалал ад-дин Руми ол кісіні «Қтуб ал-Ақтаб» деп атады. Егерде бұл сөзді қазақшалап түсіндіретін болсақ, онда бұл сөз «Темірқазық» деген мағына береді. Басқаша айтқанда, түркі дүниесінің адастырмас жұлдызы – Қожа Ахмет Йасауи мен оның соңына қалдырған рухани ілімі десек артық айтқандық емес. Ал, Алишер Науаи болса, Қожа Ахмет Йасауи атамызды «түркі әлемінің құбласы» деп атады. Науаидің айтқаны да Румидің айтқанын қайталап тұрғанын көреміз. Бұл екі ұлы тұлғаның Йасауи бабамызды бұлай бағалауына қарап, олардың біздің бабамызды өздеріне ұстаз тұтқанын, өздерінен жоғары санағанын байқаймыз. Бұл екі ғұламадан басқа қаншама ойшылдар Иасауи бабамыз туралы ізгі пікірлер айтқан. Олардың бәрін бұл жерде тізбектеп жатудың оншалықты қажеті жоқ деп ойлаймын. Одан басқа ол кісінің «Хазіраті Сұлтан», «Шайх-л машайиқ-и түрік» т.б. қаншама атақ-даңқтары бар. Олардың барлығын тізбектеп шығудың өзі аз жұмыс емес. Ал, ол кісінің «екінші Мұхаммед» атануының астарында үлкен мән бар. Ол мәнге жету жолында Қожа Ахмет Иасауи атамыз өзінің бар өмірін сарып етті. Сонда ол кісінің алдына қойған басты мақсаты адамзат баласын, Ислам әлемін Мұхаммет пайғамбар заманындағыдай «рух әлемімен» байланыстыру болды. Өйткені, Йасауи бабамыз заманы ислам дінінің рухани қуатының әлсіреп, халықтың дінді сыртқы формасына-шариғатқа қарай

бағалауы белең алып, сыртқы ғибадаттарға мән берілген кезеңі болатын. Бұл сол кезеңдегі халықтың рухани азғындыққа ұшырауына ықпал етті. Өз дәуірін Йасауи бабамыз Хикметтерінде былай сыйпаттайды:

Ұстаз, дінсіз құлдар болды хакім,
Менмендік дүкенін ашып, болды залым.
Халық ішінде қор болды дәруіш ғалым,
Көпшілігі халықтың кәпір болды көргін.

Осы хикметтің өзінен-ақ Йасауи заманында халықтың иманнан ажырап, азғындыққа ұшырағанын көруге болады. Адам баласы рухани болмысынан ажырайтын болса, онда сыртқы ғибадат ешнәрсе бермейтінін сол кезеңдегілер түсіне қоймады. Мұндай азғындыққа ұшыраған халықты қайта түзеудің жолы Исламға иманды қайтару болғанын екенін түсінді. Ол өз Хикметтерінде иман туралы былай дейді:

Хақ Тағала иман бізге сыйлау қылды,
Оны Хақ Расулі айтты бізге.
Друд етсек қуат берер дінімізге,
Жоқ болса, қылғандарым ойран болар.

Осылай Иасауи бабамыз өзінің басты мақсаты халыққа иманды қайтарып беру екенін жақсы түсінді және осы мақсатқа жету жолында барын салды. Иманды исламға қайтарып берудің басты шарты адам рухын «рух әлемімен» қайтадан байланыстыру екендігін түсінді. Ол мақсатына жетті де. Ол сол мақсатына жетіп, мұсылман қоғамын рух әлемімен сабақтастырды. Соның арқасында ислам діні қайтадан түлеп, құдіретті рухани күшке айналды. Қазіргі біздің салт-дәстүріміздегі рухқа қатысты әдет-ғұрыптың барлығы: кісі қайтыс болса, жетісін беру, қырқын беру, жүзін, жылын беру; нәресте дүниеге келсе, қырқынан шығару, беташар, т.б. дәстүрлеріміз сол Йасауи бабамыздан қалған. Өкінішке орай, қазіргі кезеңде біздің рухани болмысымыздың қайтадан әлсіреген жайы бар.

«Қожа Ахмет Иасауи Аллаға серік қосушы, дінді бұзушы» деген пікірдің де қазіргі күні жастар санасынан орын алып жатқаны рас. Бұл қазақтың дәстүрлі діні емес, сырттан келіп жатқан діни ағым ықпалы екені айтпаса да түсінікті. Оның артында, уаххабилік, салафилік таным түсінік жатқаны жасырын емес. XIII-ғасырда Ибн Таймийа атты оқымыстының рух-әруаққа қарсы бастаған ылаңы XVIII ғасырда Абд ал-Уаххаб Нажди деген ағылшын барлауының қолшоқпарының арқасында ислам дінін іштей ірітетін үлкен күшке айналды. Осының шарпуы бізге тиіп жатқан жайы бар. Сол ағымның жетегіне кеткен жастар Йасауи бабамызға қарсы шығып жүргені рас. Егер де олар бұл бағытынан қайтпайтын болса, онда олардың қазақ халқы қатарынан шығып, басқа этникалық бірлікті қалыптастырады. Бұл діннің, діни танымның қуатының қаншалықты құдіретті екендігін көрсетеді.

Қожа Ахмет Иасауидің білім алған ортасы, ұстаздары кімдер? Пайғамбар аманатын тапсырушы Арыстан баб шындығында 400 жылдан аса өмір сүрген бе?

Қожа Ахмет Йасауи бабамыз білімді алғаш рет өзінің әкесі Ибраһим шайхтан алады. Ал, рухани ілімді атақты ұстазы, Мұхаммед пайғамбар аманатын жеткізуші Арыстан бабтан алды. Ол кісінің Мұхаммед пайғамбар сахабасы болғаны, аманатты жеті жасар бала Ахметке тапсырғаны шындық. Бұрын бұл аңыз ретінде халық бұдан хабардар болса, қазіргі күні ол туралы нақты тарихи дерек табылып, Арыстан бабтың тарихта болған тұлға екендігін растап отыр. Самарқандтық ғұлама Муин ад-Дин Насафидің «Алканд фи зикри улама-и Самарканд» атты еңбегінде Испиджаб өлкесінде, Фараб қаласында Пайғамбарымыздың сахабасы тұратындығы, жасы төрт жүзден асып кеткендігі, Табук соғысында Мұхаммед пайғамбармен бірге болғандығы жазылған және «ол кісінің аты Абу Жағыпар ар-Руми Настури еді» деп анықтап көрсетіледі. Бұл деректер Арыстан бабтың тарихта болғандығын толығымен растайды. Йасауи бабамыз шариғат ілімдерін Баха ад-дин Испиджаби атты ғұламадан алғандығы айтылады. Ал, Жүсіп Хамадани аты соңғы ғасырларда жазылған деректерде болмаса, Йасауи заманындағы деректердің ешбірінде ол кісінің аты кездеспейді. Бірақ, Қожа Ахмет Йасауи бабамыз өзіне үлгі, ұстаз тұтқан кісілердің аттары «Диуани Хикметте» бастан аяқ жазылған. Сонымен бірге, ол кісінің Абу Ханифа, Имам Матуриди сияқты кісілердің рухани мұрасын толық игергендігін қазіргі қазақ халықының салт-дәстүрлеріне қарап білуімізге болады.

Сопылық ілім туралы түсіндіріп берсеңіз дұрыс болар еді. Сопылық дейміз, бірақ сопылықтың ішкі мәнін түсіне бермейміз.

«Сопылық ілім»-деп Исламның ішкі мазмұнын, рухани болмысын айтамыз. Басқаша айтар болсақ, адам рухының рух әлемімен сабақтастығын қамтамасыз етуші ілім десе болады. Әрбір өзін мұсылман санайтын адамда ішкі рухани қуат болмаса, рухани өзегі қалыптаспаса, онда ол жан кәміл мұсылман бола алмайды. Дін – алдымен адамның ішкі рухани өзегін қалыптастыратын, адамды Алламен байланыстыратын ілімдер жүйесі. Осы ілімдер жүйесін сопылық деп атауымызға болады. Егерде сопылық ілім негізінде адамда ішкі рухани өзек қалыптаспаса, онда ол дін емес, құр қағидалар жинағы болып қалады. Өкінішке орай, қазіргі күні уаххабилік таным жетегіне кетіп, осы Исламның ішкі мәнін, мазмұнын жоққа шығарып жатқан жайымыз бар. Сопылыққа қарсы шығып жүргендер де осылар.

Шариғат пен тариқат дейді. Мұның арасында қандай байланыс, қандай ерекшелік бар?

Шариғат пен тариқат бір бүтіннің екі бөлшегі. Бұл екі жол бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын бірлік деп айтса болады және адам баласының екі түрлі болмысының қажетін өтейді. Адамның өзі жан(рух) және тән деген екі түрлі болмыстан тұрады. Шариғат пен тариқат адамның осы екі түрлі болмысына тиесілі. Қожа Ахмет Йасауи бабамыз «Шариғат ағза үшін, тариқат жүрек үшін» деп бөліп көрсеткен. Бұл Тәңір Тағаланың адам баласының әрбір болмысы үшін заңдылықтар жүйесін қалыптастырғандығын көрсетеді. Ол туралы тағы да Йасауи бабамыз былай дейді:

«Тариқатқа шариғатсыз кіргендердің Шайтан келіп иманын алады екен.» Демек, адам өзінің физикалық болмысының заңдылықтарын игермей тұрып, рух тәрбисіне өте алмайды екен. Бұл мызғымайтын аксиома. Адам алдымен шариғат талаптарына толық мойынұсынуы тиіс, содан кейін ғана тариқат жолына, рухани жетілу жолына түсуі тиіс.

Сонда сопылық пен тариқат бір болып шықпайды ма? Мен бұл жерде сопылық пен тариқат арасында айырмашылық көріп тұрғаным жоқ. Осы мәселені ажыратып, түсіндіп берсеңіз.

Дұрыс айтасың. Тариқат сопылық ілім негізінде қалыптасады. Сопылық ілім адамзат баласын рух әлемімен байланыстыратын болса, тариқат сол сопылық ілімді белгілі бір халықтың мәдениетімен ұштастыра, байланыстыра отырып, тек сол халықтың ғана рухани-мәдени болмысының өзегіне айналдырады. Ислам халықтары тарихында сопылықты тариқат деңгейіне көтерген ғұлама біздің Қожа Ахмет Йасауи атамыз. Қожа Ахмет Йасауиге дейін сопылық жеке тұлғалардың немесе белгілі шайхтың айналасына шоғырланған топтың рухани жетілу тәжірибесі болса, Йасауи оны жалпы қоғамның иман-сеніміне айналдыра білді. Бұл адам баласының таным аясын кеңейтті. Йасауиге дейін Абу Ханифа, Имам Матуриди Алланы тануда нақыл мен ақылды, сезім мүшелерін құрал етсе, Қожа Ахмет Йасауи бұлардың қатарына рух әлемінің мекені-жүрекпен амал етуді қосты.

Йасауи ілімін философиялық тұрғыдан зерттеген Досай Кенжетай Йасауидің «кемел адам» тұжырымдасына талдау жасай отырып: «Өзін өзі тану» ұстанымы өзінің ішкі әлемінің жеті қырын анықтап, тереңдеп тану арқылы адамның Аллаға ашылуын мақсат етсе, «Өлмес бұрын өл» ұстанымы – адамның моральдық-этикалық және сопылық рухани-тәжірибелік талаптар шеңберінде тәрбиеленіп, Алланың сипаттарымен сомдалуына негізделген. Бұл екі ұстаным бірін-бірі толықтырып тұратын теориялық және тәжірибелік қырлар емес, екеуі біртұтас. Ясауи ілімінде осы тұтастықтың мәні «йақин», яғни абсолюттік таным категориясы арқылы ашылған» - дейді және бұл абсолюттік танымның жеті сатыдан тұратынын айтады. Олар: исм-ул-йақин, расм-ул йақин, ‘илм-ул йақин, ‘айн-ул йақин, хаққ-ул йақин, хақиқат-ул хаққ-ил йақин, Аллаһ-ул хаққ-л йақин. Бұл қабаттардың әрқайсысы он мың пердеден тұратынын, барлығы жетпіс мың перде барлығын, сол жетпіс мың пердеден өткен адамның әулиелік дәрежеге көтерілітінін Йасауи бабамыз өзінің «Пақыр-нама» атты шығармасында жазған болатын. Осы танымдық қабаттарды қазіргі күні кванттық физиканың сұйық денелерді зерттейтін

саласы адам рухының (жанының) да қабаттары екендігін дәлелдеп отыр. Сол жеті нәзік қабаттан тұратын адам жанын былай атайды: 1.Эфирлі дене. 2. Астральді дене. 3.Ментальді дене. 4. Каузальді дене. 5. Интуитивті дене. 6. Аспан денесі. 7. Тәж дене. Осы нәзік жеті қабаттан тұратын денелердің адамның жаны мен тәні ажырағаннан кейінгі қозғалысын былайша сипаттайды. Эфирлі дене – адам қайтыс болған күннен кейін тоғызыншы күні өледі. Астральді дене – адам қайтыс болған соң қырқыншы күні өледі. Ментальды дене адам қайтыс болғаннан кейін тоқсаныншы күні өледі . Егерде біз осы кванттық физика ғылымының ашқан жаңалықтарын қазақ халқының қайтыс болған кісіні жөнелтуге қатысты әдет-ғұрыптарымен салыстыра қарайтын болсақ, онда екеуінің арасында тікелей сабақтастық барлығын көруімізге болады. Қайтыс болған кісінің жетісі беріледі, қырқы беріледі, одан кейін жүзі беріледі, жылы беріледі. Демек, қазақ халқының әдет-ғұрыптары қайтыс болған кісінің рухының қозғалысын негізге алып, олардың қозғалысына байланысты рухтың әр қабатымен қоштасу рәсімін өткізеді. Мұның өзі қазақ халқының рух-әруахқа қатысты салт-дәстүрлерінің қиялдан шығарылмағандығын, діни негізі барлығын және ислам діні негіздерімен сабақтастықта қалыптасқандығын көрсетеді. Бұларға қоса қазіргі күні қолданыста бар, бірақ себебі белгісіз қаншама қазақтың әдет-ғұрыптары бар. Мысалы, жаңа туылған нәрестені қырқынан шығару, бейсенбі, жұма сайын әруақтарға арналып жеті нан берілуі, тағы сондай ғұрыптардың да осы рухтың қозғалысына байланысты қалыптасқанын айтуымызға болады. Бұл Йасауи негізін салған тариқат жолының аясы тым кең, танымы терең, ғылыми негізі болғандығынан, екі дүниенің ісінен хабары болғандығын көрсетеді. Бұл мысалдар қазақ халқының діни дүниетанымы мен исламдық салт-дәстүрлері тек шариғат шеңберімен шектелмейтінін, тариқат жолы арқылы да қалыптасқандығын көрсетеді. Демек, Қожа Ахмет Йасауи өз тариқатын қалыптастырғанда алдымен Исламның рухани негіздеріне баса мән берді. Соларға арқа сүйеді. Бұл Йасауи жолындағы халықтың иман-сенімінің Исламдық негіздерден айнымауының кепілі болды. Көп жағдайда Йасауи жолындағы халықтың иманының беріктігі жағынан өзге халықтарға үлгі болатында дәрежеде еді. Бұл ең алдымен қазақ халқына тән қалыптасқан қасиет болатын. Кезінде қазақ «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» - деп, ар-иманын малынан да, жанынан да артық қойып еді. Өкінішке орай, бұл күндері сол қазақы болмыстан, ар-иманнан ажырап қалған жайымыз бар.

Қоғамдық қатынастарды реттеуді Қожа Ахмет Йасауи толығымен түркінің көнеден келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына берді. Себебі, түркінің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің өзі Алла Тағаланың бұл халыққа берген нығметі болатын. Оның сақталуын Йасауи бабамыз тариқаттың басты шарты деп білді.



Одан бас тарту халықты тарих сахнасынан кетірудің басы болатын. Міне, осы айтылғандарды жинақтап көретін болсақ, онда Исламның бес парызын негізге алып, сопылық жолдың жалпы заңдылықтарына бағына отырып, әр халықтың ерекшелігіне орай, исламдық рухани негіздерді қалыптастырып, өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қолдануға мүмкіндік беретін

жолды тариқат деп атайтынын көруімізге болады. Қожа Ахмет Йасауи бабамыз осылай түркінің ислам дініндегі жолын, шеңберін айқындап берді. Бұл жолданшеңберден тыс түркі баласы үшін ислам діні болғанымен, түркі мәдениеті жоқ болатын. Сол себепті, Йасауиді кезінде Алишер Новаи сияқты ғұлама «Түркі жұртының құбыласы» деп атады.

Йасауи жолы түркілерге не берді? Йасауи жолының түркі халықтарының тарихи тағдырындағы рөлі қандай? Осыны мәселелерді кеңірек түсіндіріп берсеңіз.

Йасауи бабамыздан кейінгі кезең Орталық Азияда үлкен саяси дүрбелеңдер болып, оның соңы Шыңғыс хан шапқыншылығына ұласқаны, ол бүкіл Евразия құрлығын түбегейлі өзгерістерге ұшыратқаны тарихтан белгілі. Осы шешуші кезеңде йасауийа шайхтары Шыңғыс хан жағында болды. Оған дәлел ретінде Қожа Ахмет Йасауи шәкірті Мұхаммед Данышманд Зарнуқидың Шыңғыс хан кеңесшісі болғанын, өзінің туған қаласы Зарнуқты Шыңғыс хан әскеріне қарсыласпай берілуге көндіргенін айтуға болады. Шыңғыс хан ол қалаға «Құтлық балық» деп, ат қояды.

Осыдан араға жүз жыл салып, Йасауи жолы Алтын Орда мемлекетінің мемлекеттік идеологиясына айналады. Ол мемлекеттің тек мемлекеттік идеологиялық бағыт-бағдарын ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің бүкіл құрылымдық жүйесіне өзгерістер енгізеді. Қазіргі қазақ халқы құрамындағы рулық, тайпалық, жүздік құрылымдардың басы осы Йасауи жолының Алтын Орда мемлекетінде мемлекеттік идеологияға айналуымен байланысты екендігін қазақ шежірелерінен айқын көруге болады. Шежірелерде қазақтың үш жүзінің арғы атасы - Өзбек хан. Өзбек ханның үш ұлы - Байшора, Жаншора, Бекшора. (Басқа шежірелерде — Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс). Алтын Орда мемлекетінде Йасауи жолын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерген Өзбек хан. Өзбек ханды ислам дініне мойын бұрғызған йасауийа тариқатының шайхтары, Зеңгі Ата шәкірттері - Садр Ата - Баба Туклас (Баба түкті Шашты Әзиз), Бадр Ата, Сайиид Ата, Ұзын Хасан Ата. Тарихшы Құрбанғали Халид болса, Өзбек хан мен оның ұлы Жәнібек ханның Алтын Орданы үш ұлысқа бөлгенін айтады. Демек, бұл келтірілген мысалдар қазіргі қазақ халқы құрамындағы жүздік, тайпалық рулық құрылымдардың пайда болуы Алтын Орданың исламдануымен, йасауийа тариқатының мемлекеттік идеологияға айналуымен тікелей байланысты екендігін көрсетеді. Бұл құрылымдардың пайда болуы Алтын Орда мемлекетінің ислам-



дануымен байланыстылығын қазақ рулары мен тайпалары басындағы «сопы», «қожа», «шора» атауларынан да, ол құрылымдардың жай этникалық бірліктер емес, идеологиялық рухани бірлікке негізделгенін көруге болады.

Йасауийа тариқатының мемлекеттік идеологияға айналуы, мемлкеттің құрылымдық жүйесін өзгертуі, мемлекетті басқару жүйесіне де түбегейлі өзгерістер әкелді. Бұрынғы монғолдардың үкімет концепциясы бойынша мемлекеттегі бар билік хан қолында болды және ол Шыңғыс хан ұрпақтарының қолына мұрагерлікпен келетін. Хандық билік Шыңғыс ханның үлкен әйелі Бөртеден тараған - Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле ұрпақтарына ғана тиесілі еді. Оларды «алтан ұруқ» «алтын әулет» - деп атады. Жоғарғы билікке жетудің басты шарты - осы «алтын әулет өкілдерінің қолдауы болатын. Олар өздерінің пікірін хан сайланатын жиын - құрылтайда айтатын. Осы құрылтай қолдаған «алтын әулет» өкілі ғана құқылы болды. Құрылтай келісімінсіз таққа отырған хан жазалануға тиіс болды. Йасауийа тариқаты мемлекеттік идеологияға айналған соң хан сайлау жүйесі түбегейлі өзгерді. Енді хан жүз, тайпа, ру басыларының қатысуымен, солардың таңдауымен сайланатын болды. Ханның абсолюттік билігі шектелді. Хан тек шариғат шеңберінде әрекет етуге тиіс болды. Қоғамда билер институты құрылды. Бұрын аймақтарды Шыңғыс хан ұрпақтарынан шыққан билеуші әулет өкілдері басқаратын болса, енді билік ру, тайпа, жүз билерінің қолына өтті. Жошы ұлысының батысында билер өз ұлыстарының толық билеушілеріне айналды. XV ғасыр қарсаңында билер қолында шексіз билік болды. Жошы әулетінен кімнің хан сайланатынын маңғыт билері шешетін. Бірақ, ол кезеңде билердің ешқайсысы хан тағына таласып көрген емес.

Ру, тайпа, жүз билеріне мұндай шексіз билік берген йасауийа тариқатының құрылымдық жүйесі болатын. Муршид - мүрид (пір - мұрт) үлгісінде құрылған мұндай жүйе ру биіне қоғамның әр бір мүшесін бағынышты етті. Ислам әлемінің өзге аймақтарында сопылық таңдаулылар еншісінде болса, түркі даласында сопылық жол жалпы халықтық сипат алды. Рудың әр бір мүшесі йасауийа тариқатының да мүшесі болып есептелді. Рулық, тайпалық, жүздік құрылымдар қандық, этникалық бірлікке емес, рухани-идеологиялық бірлікке негізделді, сол негізде топтастырылды. Қандық бірлік қыз алыспайтын шеңберде ғана қалдырылды. Ру биі тайпа биіне, тайпа биі жүз биіне, жүз биі ханға бағынатын. Мұндай қоғамда қоғамның әр бір мүшесінің еркін өмір сүруіне мүмкіндігі болды.

Әдет-ғұрып, салт-дәстүр де елеулі өзгерістерге ұшырады. Рулас, қандас адамдар арасындағы некелік қатынастарға тыйым салынды. Ол өз кезегінде әйелдердің қоғамда еркін жүріп-тұруына мүмкіндік туғызды. Әр ауылда рулас, қандас адамдар тұратын болғандықтан, ол ауылдың әйел қыздары бірінің әпкесі, бірінің қарындасы, бірінің келіні, бірінің жеңгесі еді. Сол себепті, әйел баласына қатынас тек сыйластыққа негізделді. Қоғамда әйелге деген ерекше сый-құрмет қалыптасты, әйелді, апа қарындасты халық арына балады. Сол дәуірден бізге дейін келіп жеткен «Ауру астан, дау қарындастан», «Жесір дауы - жер дауы» деген мақалдар бұл айтылғандардың дұрыстығына толық дәлел бола алады.

Йасауийа тариқатының Алтын Орда мемлекетінің мемлекеттік идеологиясына айналуы сол дәуірдегі ең озық қоғамдық қатынастарды қалыптастырды. Шешендік, жыраулық дәстүрдің қалыптасуы да осы Алтын Орда дәуірінде болған деп айтуға негіз бар. Өйткені, тек, жалпы халыққа арқа сүйеген қоғамда ғана, ханға шындықты бүкпесіз ашық айту мүмкін болатын. Жалпы Алтын Орда мемлекеті Өзбек хан тұсында өзінің ең гүлденген кезеңін басынан кешірді.

Бұл жол-йасауийа тариқаты түркі халқында жетекші діни идеологияға айналған кезде тарих сахнасына Алтын Орда сияқты ұлы мемлекетті шығарды. Бұл киелі жолдан бас тартқанда түркілердің мемлекеті күйреп, этникалық жіктелулерге түсіп отырды. Асан Қайғы сынды ұлылардың абсолюттік билікке ұмтылған Жәнібек ханға қарсы жүргізген күресі нәтижесіз аяқталды. Өзбек ұлысы үшке бөлінгенде, өзге діни ағымды қабылдамай, Йасауи жолына адал болған халықты ғана қазақ деп атаған еді. Қазақ хандығының билеушілерінің де Йасауи жолына қарсы болуы, оның орнын басқа тариқатқа беруі Қазақ мемлекеттігінің күйреуіне әкелді. Йасауи жолының тарихтан кетуімен түркінің көнеден келе жатқан мемлекеттік жүйесі де күйреді. Тәңір Тағала түркілердің Өзінің берген нығметтерінен бас тартып, өзге діни

жолды, өзге мәдениетті қабылдағанын кешіре алмады. Осылай түркі халықтары өзгелерге бодан болып, отарлық қамытын мойнына ілді.

Әмір Темірдің Қожа Ахмет Иасауи атамыздың басына осындай алып құрылыс салуының сыры неде?

Әмір Темірдің Қожа Ахмет Йасауи басына Осындай алып кесенені салуының астарында үлкен сыр жатыр. Әмір Темірдің билік басына келуі Йасауи жолы өкілдерінің қолдауымен жүзеге асты. Алтын Орда мемлекеті Жәнібек хан мен оның ұлы Бердібек хан өлтірілгеннен кейін Алтын Орда тағы үшін Евразия кеңістігінде Шыңғыс хан ұрпақтары арасында кескілескен соғыс жүрді. Алтын Орда тағына жиырма жылда 25 хан келіп кетті. Бұлардың өзара келісімге келе алмасын түсінген Йасауи жолы өкілдері-билер билік тізгінін Мауараннахр жерінде Әмір Темірдің қолына ұстатты және оның алдына Шыңғыс хан империясын қайта қалпына келтіру мақсаты қойылды. Алғашқы кезеңде Әмір Темір йасауийа тариқаты өкілдерінің айтқанын бұлжытпай орындады. Тоқтамысты Алтын Орда тағына отырғызып, мемлекеттің қайтадан қалпына келтіруіне мүмкіндік берді. Алайда, Алтын Орда мемлекеті қайта қалпына келген соң, Тоқтамыс хан Йасауи жолына да, Әмір Темірге де қарсы шықты. Жәнібек хан сияқты ол да абсолюттік билікке жеткісі келді. Әмір Темірге қарсы соғыс ашты. Әмір Темір Иранда жорықта жүргенінде Тоқтамыс хан христиандардан жиған жалдамалы әскерімен келіп, Ясыдағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қиратты. Мүлкін талауға түсірді. Оның бұл әрекетін Әмір Темір кешіре алмады. 1391 және 1395 жылдарда Алтын Ордаға қарсы жасаған жорықтары Алтын Орда мемлекетін күйретумен аяқталды. Сол соғыста түскен қаржыға қайтадан Қожа Ахмет Йасауи атаның басына үлкен, теңдесі жоқ кесене тұрғызуға жарлық берді. Әмір Темірдің Қожа Ахмет Йасауи басына осындай алып кесене тұрғызуының негізгі себебі осы. Кесененің жобасын жасаған Әмір Темірдің өзі. Бірақ құрылыс 1405 жылы Әмір Темірдің қайтыс болуымен құрылыс аяқталмай қалған. Ол құрылысты ары қарай жалғастырған Бұхараның ханы Абдулла II болды. Алайда, ол да құрылысты толық аяқтай алмады.

Соңғы ғасырларда Иасауи жолының түркі халықтары арасында ықпалы бәсеңдегенін көруімізге болады. Оның себептеріне бір тоқталып өтсеңіз.

Рас. XY-XYI ғасырларда Йасауи жолының түркі халықтары арасындағы ықпалы бәсеңдей бастағаны шындық. Оның себебі, рухани билік пен саяси билік арасындағы бәсекелестік, рухани билік пен сот билігінің йасауийа тариқаты өкілдерінің қолында болуы еді. Шариғатқа сай келмейтін кез-келген хан жарлығының іске аспауы, басқа-басқа хандардың, есігінің алдындағы құлды жазалауға құқының болмауы, хандарды Йасауи жолына қарсы шығуға итермеледі. Саяси билік қалайда ханның билігін шектейтін билер институтын ыдыратудың жолын қарастырды. Бұл теке-тіректің соңы Йасауи жолының билік жүйесінің кетуімен аяқталды. Сонымен бірге түркі мемлекеттігі де күйреді. Евразия түркілері Ресей патшалығы мен Қытайдың қол астына түсті.

Иасауи жолының қазіргі күнгі маңызына тоқталып өтсеңіз.

Қожа Ахмет Йасауи бабамыздың салған жолы берісі қазақ, арысы бүкіл түркі жұртының маңдайына жазылған тағдыры, жүрер жолы десе болады. Өйткені, қазақ үшін діні де, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі де, жалпы рухани-мәдени болмысының өзегі осы Йасауи жолында. Бұл жолдан тыс қазақ халқы үшін басқа жол жоқ. Басқа жолды қабыл ету – қазақтың мыңдаған жылдан бері келе жатқан рухани-мәдени болмысынан бас тарту болып табылады. Сондықтан Йасауи жолынан бас тарту – қазақ халқын тарих сахнасынан кетіру деп түсінуіміз керек. Демек, қазақ үшін Йасауи жолының қазіргі күні де, бізден кейін де маңызы жоғалуы мүмкін емес.

Әңгімелескен Г. ҚАРЫБЕК

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИДІҢ «МИРАТ ал ҚҰЛУБ» РИСАЛАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ислам ғұламасы, әулие Қожа Ахмет Иасауи – Әзірет Сұлтанның сопылық көзқарастарының «Мират ал Қулуб» (Көңілдің айнасы) жинағын орта ғасырларда ғұламаның шәкірттері жазып қалдырған.

Мират-ул Қулубтың осы нұсқасының алғаш хатқа түсірілуі немесе жинақталуы хижралық есеп бойынша VIII ғасырда қолға алынғандығы туралы деректер бар. Яғни бұл рисала біздің жыл санағымыз бойынша XIV ғасырда жазылған. Бұл нұсқа Швецияның Упсала қаласындағы Университет кітапханасының ескі жазбалар қорының, N 472 жинағында, Шағатай тілінде жазылып, 58,б-177,а беттер арасында орналасқан. 534 парақтық бұл жинақ 1249/1833 жылы көшіріліп (истинсах етілген) қайта жазылған.



Рисаланы жинақтаған Суфи Мұхаммед Данышменд Зарнуқи болатын. Ол Насаб Намалардағы мәліметтерге қарағанда Ахмет Йасауидың алдыңғы қатарлы шәкірттерінің бірі. Шайхымен бірге қырық рет қылуетке түсіп, Йасауидың ижазатымен Отырарға барып өз алдына софра (текке) құрып, сол жерде қырық жыл ұстаздық (иршад) еткен. Оның қабірі Алим Шайхтың айтуына қарағанда Отырар қаласында жатыр. Ол туралы Убайдуллах Ахрар (Хазрати-Ишан): “Суфи Данышменд үлкен ғалым, дініне берік, иманы қуатты-муттақи еді” дейді. Жауаһир-ул-Абрарда Хазини Суфи Мұхаммед Зарнуқиды Ахмет Йасауидың бірінші халифасы (орынбасары) ретінде көрсетеді .

Мират-ул Қулубтың жазылу мақсаты - Қожа Ахмет Иасауидың сопылық көзқарастарын жинау болып табылады. Дегенмен еңбекте Нажмеддин Кубра мен Софы Мұхаммед Данышмендтің де көзқарастары мен ойлары орын алған. Софы Мұхаммед Данышменд Ахмет Иасауидың айтқандарын, ойлары мен пікірлерін ауызша өз шәкірттеріне аманат етіп қалдырған. Кейіннен оның шәкірттері

тарапынан жиналып, кітап халіне келген болуы ықтимал. Өйткені, бұл тасаууф тарихында, сопылық мәдениетінде жиі кездесіп отыратын жағдай.

Хазинидың “Жауаһир-ул Абрар мин Амуаж-ил-Биһар” (Теңіз толқындарындағы ізгіліктің жауһарлары) деген еңбегінде: Қожа Ахмет Йасауи, Түркістан мен Шамның, яғни, арабтар мен түркілердің шайхы, бүкіл жахри тариқаттардың қутб-ул-ақтабы, түркілердің Сұлтаны екінші Ахмет, яғни Хз. Пайғамбардан кейінгі екінші Мұхаммед, арабтардың құтбы, парсылардың пірі, түркілердің шайхы, Батыс пен Шығыста мәжһүр шах Ахмет Йасауи” сияқты Йасауиды ұлылау мен ардақтауға толы мәлімет пен түркілік сопылық дәстүрге тән бүкіл элементтер бар. Мират-ул-Кулубта да Йасауи туралы “арифтердің сұлтаны, жер жүзінің қутб-ул ақтабы”, дейді. Сонымен қатар Йасауи тариқатының силсиласы жөнінде “ұлы силсила” деген сипаттық мағынадағы тіркестер де бар. Бұған халық, арасында кеңінен таралған “Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет тіркесін қоссаңыз Қожа Ахмет Йасауидің түркілік рухани мәдениетіндегі, дүниетанымдағы алатын орны мен маңызы айтпаса да түсінікті болады. Бұны айтудағы мақсат, жалпы адамзатқа рахмет ретінде жіберілген хз. Мұхаммед Пайғамбардың, түркілік әлеміндегі рухани ізбасары ретінде танылған Түркістанның пірі Ахмет Йасауидың шығармашылығы жөнінде зерттеу жүргізіп жүрген йасауитанушыларды осы мәселеде кездесетін проблемалардың исламдық мәдениет аясында пайда болған ғылыми методикалық принциптерге өте ұқсас екендігіне назарын аудару еді. Басқаша айтқанда бұл жерде бір нәрсенің басын ашып алу керек. Ислам мәдениеті аясында өмірге келген, хадис ғылымының қалыптасу процесіндегі тарихи әлеуметтік, қажеттілік феномені мен Йасауи шығармашылығы мен мұрасын хатқа түсіруде де формалық және мазмұндық сабақтастық айқын. Бұл сабақтастықты түркілік сопылық дүниетанымның принциптері мен негізгі теориялық қағидаларынан оңай көруге болады. Сондықтан йасауитанушы-зерттеушілердің алдында тұрған негізгі міндет менің ойымша, алдымен түркілік сопылық дүниетанымның негізгі теориялық және практикалық негіздерін анықтап алу керек. Бұны анықтауда сүйенетін ең алғашқы методикалық негіздің біріншісі-дәстүрлі түркілік сопылықтың құрушы-өкілдері-мутасууфтардың өмірі мен өскен ортасын анықтау; екіншісі олардың мұраларын жинау, танып білу, үшіншісі бұлардың құрған мектептері мен тариқаттарының методы мен адабтарын, бұлардың сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік қызметі мен маңызын ашу. Міне, осы тұрғыдан қарағанда Мират-ул Қулуб рисаласы ең құнды мұралардың бірі.

Еңбек шариғат, тариқат және хақиқат сияқты үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде исламдық және сопылық ахлақ, екінші бөлімде тариқат әдебі (этикасы) хақында айтылса, ал үшінші бөлімде мағрифатуллах жайынан сөз қозғалады.

Негізінен алғанда Йасауи ілімі-адамның рухани жетілуі мен таза адамдық еркіндіккежетелейтінөзіндікерекшеліктерге ие, исламдық мәдениеттің аясында өмірге келген сопылық дүниетанымдық мәндегі ілім болып табылады. Бұл ілімнің мақсаты - рух тазалығы. Мират-ул-Қулубта да “көңіл көзін ашу” басты мәселе ретінде қаралады. Ондағы толып жатқан сопылық дүниетанымдық категориялар - Йасауидің сопылық философиясын тұжырымдаудың негізгі элементтері. Сопылықта, тариқаттың негізгі принциптері мен қағидаларының басты шарттары шайхтық, муридтік табиғаттың теориялық анықтамалары өте құнды талдауларға негізделген. Сопылық әдебиеттерге кеңінен таралған “нұр-и мұхамадия”, “умм-ул аруах” категориялары Йасауи сопылық философиясының, онтологиялық теориялық негізін көрсетеді. Адам рухының жоғарғы сапалық тазалық категориясы - “қалб-и салимнің” дәрежелік өсу сатылары - “дариялар” өте анық, түсінікті айшықталған. Көңілдің (рухтың) тазалыққа, кемелдікке жетудегі ең негізгі шарттары мен қағидалары методикалық-теориялық деңгейде түсіндірілген. Адамның құдайлық ақиқатқа жетудегі мәртебелік жүйелер де сопылық категориялармен қарапайым тілдік ерекшеліктермен берілген. Бұл еңбектегі “йақин” жүйеленуі жағынан басқа сопылық мәдениеттерде кездесе бермейтін классификация екендігін көруге болады. Өйткені басқа классикалық сопылық әдебиеттерде йақиннің үш түрі ғана кең тараған. Ал Йасауи дүниетанымдағы йақин

категориясының жеті түрі бар.

Қожа Ахмет Иасауи бабамыз бұл еңбегінде де шайх мақамына лайық болмаса да, шайхпын деп көкігендерді қатал сынға алады.

Мират-ул Қулуб, Иасауийа мәдениетінің алғашқы кезеңіне тән болуы, сонымен бірге әрі Садр Ата Рисаласы сияқты сол кезеңдегі Қожа Ахмет Иасауидың кейбір еңбектеріне тоқталып, мәліметке толы шолу жасауы тұрғысынан өте маңызды еңбек болып табылады.

Бұл еңбектен әлі күнге дейін ешкім пайдалана алмай келді. Фуад Көпрүлү «Түрік әдебиетінде алғашқы мутасаууфтар» атты еңбегін жазарда Мират-ул Қулубтан бейхабар болатын. Кейіннен Ислам энциклопедиясы үшін жазған Ахмет Иасауи мақаласының библиографиясында “Le Monde Oriental (XXII, 1-3, Uppsala 1928)” журналына сілтеме жасай отырып, Мират-ул Қулуб деген еңбектің бар екендігін айтып өткен. Бұдан кейінгі жылдарда йасауитану саласында зерттеу жүргізгендер ішінде бұл еңбектен пайдаланғандарға кездеспедік. Бұған себеп йасауитану саласының алғашқы қарқынын жоғалтуы десек қателеспейміз. Туркияда да, Орта Азияда да ”дін және ұлттық мәдениетке қарсы жүргізілген саясат” бұл мәселеге деген қызығушылыққа салқынын тигізгені белгілі жай. Кейіннен Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде Орта Азияда бірнеше түркі тектес тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, тіл, дін, мәдениет сияқты, ұлттық-рухани құндылықтарға деген талаптың, жаңбырдан соң қаулап шыққан оттай көбейе түсуі йасауитанушылардың да қатарын молайта түсті. Солардың ішінде алғаш болып йасауитану саласында еңбек етіп жүрген қазақ ғалымы - Мұхаммедрахым Жармұхаммедұлы Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың Мират-ул Қулуб еңбегін ”Рисала “ атында танытқан болатын.

Мұхаммедрахым Жармұхаммедұлының осы мақаласында “Мират-ул-Қулубтың” мазмұнына қысқаша сипаттама жасалған. “Насабнаме” және “Рисала”атты еңбектің Қазақстан Ұлттық Кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде (3990-47 және 1622-386) тіркеулі екендігі, ескіше жазылған бұл қолжазбаның тілі-шағатайша және көлемі сексен сегіз бет, жүз жиырма бес уарақ (жапырақ-парақ) екендігі, Рисаланың басында немесе соңында қай жылы көшірілгендігі немесе жазылғандағы, кімнің көшіргені туралы әліметтің жоқ екендігін сипаттай келе, Рисаланың тақырыптық ерекшелігіне де біршама тоқталып өтеді.

Мұхаммедрахым Жармұхаммедұлының бұл сипаттамасы мен бірге, мақалада, тікелей Мират-ул-Қулубтан алынған үзінділер де бар. Мират-ул Қулубтың осы Қазақстан нұсқасында, “Факр-намадағы мәліметтер мен тақырыптарлың орын алғанын көріп отырмыз. Өйткені, мақаладағы сілтемелер Диуани Хикметтің Ташкент және кейбір Қазан нұсқаларында орын алған “Факр нама” рисаласында да бар.

Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың Мират-ул Қулуб атты еңбегінің Швеция-Упсала нұсқасы Ыстанбұл Ислам Ғылыми Зерттеу Орталығы тасауууф бөлімінің ғылыми қызметкері Неждет Тосын тарапынан аты аталған орталықтың ”Ғылыми Зерттеу Журналында ” жарияланған болатын.

Осы нұсқа екі реет қазақ тілінде жарияланды. Алғаш рет Анкара қаласында 2000 жылы жарық көрсе, кейіннен ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2015 жылы қайта басылып шықты. Мират-ул-Қулуб рисаласының, йасауи дүниетанымын зерттеуде, оның мұрасы мен мирасын толықтыруда маңызы үлкен. Осы орайда мүмкіндігінше мәтінге берік болуға тырыстық. Мәтіндегі сопылық категориялар мен терминдерді түсіндіруде кеңінен танымал болған тасауууф (суфизм) сөздіктерін қолдандық.

Досай КЕНЖЕТАЙ,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің
Ясауитану орталығының
директоры, профессор,
философия, теология
ғылымдарының докторы




لا اله الا الله محمد رسول الله وصلى الله عليه وسلم

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕГІ ЖӘДІГЕРЛЕР

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі XIV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен салынған.

XIV ғасырға дейін кесене екі бөлмелі ғимарат ретінде, ел зиярат ететін орын болды. Қабырхана мен Кіші мешіт бөлмесі Ясауи баба өмір сүрген Қарахан дәуірінің құрылыс материалдарының негізінде салынды. Кесененің солтүстік қабырғасында Қарахан дәуірінде салынған қабірхана бөлмесінің қабырғасын көруге болады. Қарахан дәуірінде кең қолданылған құрылыс материалдарын осы бояусыз өрнекті терракоталық тақтайшаларлан жасалған. Екі жүз жылдан соң Ақсақ Темір зиярат ете келе отырып, оның үстіне қалған бөлмелерін салдырды. Бұл Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи бабаға, іліміне, өз қарамағындағы елдің рухани құндылығына деген көзқарасы болар. Кесенеде отыз бестен аса бөлмелер бар. Оның ішінде сегіз үлкен бөлмелер әр түрлі қызмет атқаратын бөлмелердің бір кешенін құрайды. Қожа Ахмет Ясауи жерленген Қабырхана (Көрхана), Кіші мешіт бөлмесі, Үлкен Ақ сарай, Кіші Ақ сарай, Кітапхана, Асхана, Құдықхана, Қазандық бөлмелері кесенедегі үлкен бөлмелер. Кесене- күмбезді, қас бетті құрылыс. Қазіргі кезде үш күмбезді-Қабырхан, Қазандық бөлмесінің, Мешіт бөлмесінің күмбездерін көруге болады. Қазандық бөлмесінің күмбезінің ішкі бөлігі сталактиттермен



әрленген. Кесененің іші, сырты ислам өнерінде дамыған әшекейлеу үлгілерімен әрленген. Бұлар көркем каллиграфиялық жазулар үлгісі геометрияланған куфи, сулс, насх жазуларымен түсірілген өрнектер кешені. Кесененің сыртқы қабырғалары, іші ислам дінінің ережелеріне сай Құран аяттары, хадистер мәтіндерімен әрленген. Бұл заттардың жасалуы, әрленуі ортағасырлық ислам өнерінің талаптары, елдің дәстүрімен үйлестіріліп орындалған.

Ел «Сұлтаным» деп қастерлеген халқымыздың киелі орнында ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтарын бойына жиып, айтар сыры мол құнды жәдігерлер бар. Уақыт тезінен, көптеген ғасырлардың саяси, мәдени, әлеуметтік өзгерістері мен жаңғыруларынан өте отырып осы кезеңге дейін сан ғасырлар сырлары мен дәстүрлерін бойына жинақтаған осы заттар туралы айтып өтейік. Бұлар Тайқазан, шырағдандар, кесененің керемет жәдігерлердің бірі-есіктер, діни-рәсімдік, ел дәстүрінде ежелден келе жатқан «халім асы» және т.б. жәдігерлер.

Тайқазан. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің орталық бөлмесінде үлкен көлемді қола қазанды ел «Тайқазан» деп атайды. Тайқазанды XIV ғ. екінші жартысында Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап, Қарнақ мекенінде құйдырған. Қазанның жасалу уақыты 1393-1399 жылдарды қамтиды, құйылып аяқталған мерзімі сыртында көрсетілгендей 1399 жылмен мерзімделген. Қазан скиф-сақ, соңғы түрік тайпаларының отбасын, қазанды қадір тұтуын, түріктің «он оқ будун», қазақтың «он сан байтақ»-он тайпа елдің біртұтастығын бейнелейтін белгі.

«Қазандық» деп қазанның атымен аталған бөлменің екінші бір аты "Жамағатхана" деп аталады. Осы бөлмеде тұрған Тайқазан сақ және ғұн-сармат дәуірінде өріс алған, конус сипаттағы тұғырлы, тұтқалары бар қоладан, мыстан жасалған қазандардың жалғасы.

Сақтар мен үйсіндердің кезіндегі қазандардың көбі үлкен көлеммен ерекшеленіп, технологиялық күрделі "жоғалған модель" әдісімен құйылған екен. Тайқазан қалай құйылды деген сұраққа жауап беріп көрейік. Ертеде қазан құюшылар қазандардың саз балшықты-балауызды үлгісін қолданған. Алғашында қалыптаушы бұл заттың көшірмесін жасаған. Үлкен металл заттарды құю үшін балауыз немесе тоң майдан заттың үлгісі дайындалып, ол арнаулы қоспамен, саз балшықпен сыланған. Ол қоспа отқа төзімділігімен ерекшеленуі қажет. Аталған саз балшық кепкен соң, ол қалып қыздырылып балауыз немесе тоң май ыстық температурадан еріп кететін болған. Сол еріп кеткен майдан немесе балауыздан бос қалған кеңістікке ерітілген металл құйылған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазан осындай әдіспен құйылған деуге болады.

Қазанның тайқазан аталуын түркі тілдес халықтардағы тайлган (тайлга, тахил, тайх) сөздерін "құрбандық шалу" деген мағынадан өрбіген, «құрбандық шалып сыйыну қазаны» дегенмен түсінікпен ұштастыруға болады. Бұл қазанда ас пісірілмеген. Деректерге сүйенсек қазанға тәтті су құйылып жұма намаздан соң келген адамдарға, зияратшыларға таратылып отырған.

Қазанның ішкі бөлігінде ешқандай ою-өрнектің, жазу тағы да басқа белгілер жоқ. Сыртқы бөлігіне назар салып қарасақ, қазанның бірнеше бөліктен құйылып, құрастырылып, араб әріптерімен көркем сипатта сульс, куфи қолтаңбаларымен жазулар түсірілген, оны тайқазанның сыртындағы біріктірген сызат орындарынан байқауға болады. Тайқазанның салмағы 2 тонна, 3000 литр су сияды. Қазанның диаметрі – 242 см, тұғырының диаметрі –60,7 см. Биіктігі қазанның өзінің биіктігінен және тұғырының биіктігінің қосындысынан тұрады. Яғни, қазанның биіктігі – 162 см, ал тұғырының биіктігі – 54 см. Кесенені, ондағы заттарды жобалағанда шеберлер орта ғасырлық кездік (60,5 см) өлшем бірлігін қолданып отырған.

Қазан - қазақ халқының қалыптасып, ел ретінде өмір сүрген мемлекет басқару жүйесінде өз орнын алып, Қасым хан, Есім хан, Тәуке ханның тұсындағы әдет-ғұрып заңдарында негізінде бейнеленген зат болды.

Қазан – ел бірлігінің, отбасының беріктігінің, ұрпақтың өрбуінің, өмірдің дамуының, Анаға деген қасиетті сезімнің, молшылық пен берекенің, жаңа өмірдің символына айналды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап құйылған Тайқазан Қожа Ахмет Ясауидің көшпелі қоғамдағы алған орнын, қасиетті жер ретіндегі кесененің орнын, көлемі ұлан-ғайыр ел – жұрттың бірлігі мен үлкен көлемін бейнелеген, рухани басшыға қойылған белгі деуге болады.

Шырағдандар. Шырағдандардың жалпы саны алтау, олар 1397 жылы құйылған, үшеуінің резервуары цилиндр сипатында, үшеуінің резервуары шар түрінде жасалған.

1935 жылы қазіргі Санкт-Петербургте өткен Иран өнері мен археологиясына арналған III Халықаралық конгресте ұйымдастырылған тайқазанмен бірге көрмеге екі шырағдан қойылған болатын. Олар қазіргі кезде Санкт-Петербургтегі Эрмитаж музейінде тұр. Шырағдандар бірнеше бөліктерге бөлініп құйылып, құрастырылған. Сырттарына өрнектер өсімдік тектес сипатта, жазу түрінде түсіріліп, өрнектердің сырты, жазулары алтын, күміспен апталған. Қазіргі кезеңде көп жеріндегі алтын, күміс жалатылған бөлігі түсіп қалған.

Резервуары цилиндр сипатындағы үш шырағданның бірі - Лувр музейінде, екіншісі-Эрмитаж музейінде, үшіншісі - "Әзірет Сұлтан" қорық музейінде сақтаулы тұр.

Резервуары жарты шар сипатында жасалған шырағдандардың саны үшеу. Бұл шырағдандардың екеуі Мемлекеттік "Әзірет Сұлтан" тарихи-мәдени қорық музейінде сақтаулы.




Осы аталған формадағы шырағдандардың бірі 1935 жылы Иран өнері мен археологиясының III – Халықаралық конгресіне арналған көрмеге қоюға Санкт-Петербургке алып кетілген болатын. Қазіргі кезде Эрмитаж музейінде сақтаулы. Аталған шырағдандардың сыртқы бөліктеріне түсірілген өрнектер шекімеленіп жазу түрінде және өсімдік сипатында бейнеленіп, алтын, күміспен апталған. Өю-өрнектері қазанның өрнектерін еске түсіреді. Әр түрлі иірімдерді қолдана отырып түсірген өрнектер құрылымы аса керемет үйлесіммен жасалған. Сонымен қатар қазанның сыртын әшекейлеудегі өрнектер үлгісі жаңаша бір сипатта қайталанылған. XIV ғасырдың 1397 жылы құйылған шырағдандардағы жазуларда Әмір Темірдің есімі, тарихи мазмұндағы, сәттілік тілеген жазулар, Сағдидің «Гүлістанынан» үзінді келтірілген.

Қазіргі кезеңде толық болмаса да, үш шырағдан Ахмет Ясауи кесенесіне келген жұртшылықтың көріп, көз қуантуына мүмкіндік береді.

Қабырхана, Қазандық есіктері. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазандық және көрхана бөлмелерінің ағаш есіктері қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары халық өнерінің інжу-маржандарына жатады. XIV ғ. екінші жартысымен, 1397 жылмен мерзімделген Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ағаш есіктері кезінде көрхана есігінің ою-өрнектері сүйекпен ерекше нақышталған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі көрхана және қазандық бөлмелерінің есіктеріндегі әрлеу түрлері исламдық сәулет өнерінің талаптарына сай. Исламда есіктің қасиетті мәні, өрнектердің мазмұны мен сипаты тек діни ғимараттардағы есіктер т.б. бөліктерді әрлеуде ғана емес, барлық тұрғын үйлерді әрлеуде де қолданылды. Қолданбалы өнер шеберлері исламдағы белгілі бір исламдық ережеге сай қалыптасқан эпиграфикалық құрылымдарды көркем бейнелеу аумағынан шықпай жетілдіріп, түрі, құрылымы бойынша байыта түскені белгілі. Есіктерге жазулар сулс, гүлденген куфи үлгілерінде түсірілген. Жамағатхана және қабірхана есіктерінің тұтқасында Алланың есімдері, Құран аяттары, хадистерден үзінді жазулар сулс, гүлденген куфи үлгілерінде түсірілген.

Есік халықтың дүниетанымында киелі болып қабылданады. Ол бір әлемнен екінші әлемге өту нүктесі деп есептеледі. Ислам діні арқылы санада берік орныққан, дін аша келген рухани тұлғалардың есімдеріне де «баб» сөзі қосылып аталуының да өзіндік осындай бір тұжырымы бар .

Қабірхана есігінің сақталған, күміспен апталған пластиналарында сулс



қолтаңбаларымен Жаратушы Алланың есімдері жазылған. Есік тұтқаларында насх үлгісінде Сағдидің «Гүлістанынан» үзінді жазылған.

Ислам өнері әртүрлі ұлттың өнер ерекшеліктерімен бірге, ислам өнеріне ортақ ережелерге ие болды. Ислам өнеріндегі екі бағыт - сәулет өнері мен көркем қолөнер ерекше дамығаны белгілі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің әрленуінде де осы екі бағыттың дамуының жетістіктері толық көрінеді. Өрнектерді жасауда ұсталар керемет шеберлік көрсетіп, жазулар мен әр түрлі өсімдік тектес, геометрияланған өрнектерді үйлестіре білген ол «арабеска» деп аталды. Орта ғасырлық діни ғимараттардағы жазулардың мәні, өрнектердің мазмұны Жаратушының шексіз сұлулығын бейнелеп, терең мәнге ие болды.

Исламдағы жазулардың терең рухани және діни-көркем мағынасы бар. Есіктерде хадистер жазылған және хадистер сулс қолтаңбасымен түсірілген. Мұндай эпиграфикалық әрлеудің пайда болуы түркі тектес илханидтер, қараханидтер, селжұқтар дәуірінде қалыптасқан және Орталық Азияның көшпенділерінің дүниетанымының көшірмесі болды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірхана, қазандық есіктерінің өрнектелуі осы дүниетанымдарға негізделген.

Кезінде Асхана бөлмесінде келген зияратшыларға, жетім-жесірлерге т.б. арнап «Хәлім» ботқасы әзірленген. Бұл ас аптаның дүйсенбі, жұма күндері дайындалып, таратылып отырған. Сол хәлім асы салынған XIX ғ. астауларды кесененің Асхана бөлмесінен көруге болады.

Кесененің сыртында батыс тұсында 60 метр жерде жер асты мешіті - Қылует орналасқан. 63 жасқа келгенде оңашаланып, қалған ғұмырын өткізген жері - Қылует жер бетінен 4 м. тереңдікте орналасқан.

XVI ғасырдың құнды тарихи мұра ретінде «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайындағы «Шығыс моншасының» сәулет өнері туындысы ретінде, елдің сол кезеңдегі, одан ілгерідегі мәдени өмірін танудағы орны ерекше.

Монша 1975 жылға дейін жұмыс істеп келді. Қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген, бес күмбезді құрылыс.

Ортағасырлық мұсылман моншасына тән белгі ыстық су, суық су, булау бөлмесінің болуымен қатар, өте жайлы, ерекше көркем ойықтар, отыратын жерлері, ерекше әшекейленген бөлмелерінің, ұстындарының болуы еді. Осы белгілер Түркістан моншасында ортағасырлық құрылыстың ішкі және сыртқы бейнесін сақтап қалған. «Әзірет Сұлтан» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайында тарихи мәні зор осындай керемет жәдігерлер бар.

Ділдә МҰСТАПАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты

Төрәлі ҚЫДЫР,
шығыстанушы-филолог, ғалым

МАЖАЗ бен ХАҚИҚАТ СЫРЫ

Жаратушыға деген ұлы махабатты жырлаған Иасауи өзінің Хақты тану жолында естен танып, мәжнүн болғанын «Диуани хикметтің» бірнеше жерінде айтып өтеді. Сондай жолдардың бірінде ақын:

Ғишқ түсті ғаріп жанға тұра алмадым,
Тағат қылыб хақ ішінде жүре алмадым,
Мәжнун сифат хил-хошын көре алмадым,
Бийабанды отан қылыб жүрдім мен -

деп, өзін бетпақдаланы кезіп жүрген Мәжнүнге теңеген. Сондай-ақ, ол: «Қайда барса ғишқ дүкенін сонда көрді, Ләйлі-Мәжнүн бұ дүниенің дәуренін сүрді», - деп те жырлаған. Мұндағы Мәжнүн бейнесі – фәни дүниеде өзінің сүйіктісіне ынтығып өткен тарихи кейіпкер болғанымен де, сопылық әдебиетте өзіне тән мағынаға ие екендігі белгілі. Ғашықтық әдебиеттегі бұл ұғымның мағынасын ашу үшін, әуелі сөз өнеріндегі Мәжнүннің қыр-сырына қанық болмақ керек....

Мәжнүн хақындағы алғашқы хикаялар Ибн Кутейбаның «Китәб уш-шеғр уәш-шұғара» мен Әбу Бәкір әл- Уәлибидің «Диуани Мәжнун» атты еңбегінде кездесетіндігі белгілі. Парсы әдебиетінде өз орнын тапқан Мәжнүн бейнесі Низамиден кейін Әмір Хұсрау Дехлеуи, Әлішер Науаи, Физули секілді классик ақындар шығармаларының басты кейіпкеріне айналған. Уақыт өткен сайын әдебиеттегі Мәжнүн тұлғасы жұмбақталып, сопылық сипат алып отырғанын жоққа шығаруға болмас. Алғашында араб дүниесінде жырланған бұл дастанда діни элементтер кездеспеген болса, ажам халықтарының әдебиетіне келген кезде сопылық дүниетанымның әсеріне ұшырай бастады. Мәжнүн – Хафиздың ғазалдарында, Санаидың туындыларында, Фаридаддин Аттардың «Мусибатнамасы», мен Жәләладдин Румидің мазмұнға тола «Мәснәуиінде» Хақты іздеген ғаріп ретінде көрініс берді. Ортағасырлық түркі поэзиясында да Мәжнүн – мажази махаббаттың символына қарағанда, хақиқат әлемінің кемелденген тұлғасы ретінде жырланды. Бұл бейне бертін келе қазақ ақындарының біразына «азық» болды.



Десек те Ләйлі мен Мәжнүннің арасындағы шынайы махаббатты асқақтата жырлаған Шәкәрім қажы екендігі белгілі. «Арабша «Мәжнүн» деген жынды демек, «Мәжнүн» деп ат қойылды оның үшін», - деп ақын өзінің дастанының бас жағында жырлағанындай, «Мәжнүн» арабшадан «жынданған» деп аударылса, сол тілде «Ләйлә» – «түн» деген мағынаға ие. «Қараңғы бөлмеде қара мысықты іздеп табу қиын, егер мысық бөлмеде болмаса, оны іздеп табу тіптен қиын», –деп Қытай ойшылы Конфуций айтқандай, бұл атаулардың өзіндік терең философиялық мәнге құрылғанын көреміз.

Осы ойды тасаууфтың белді өкілдерінің бірі – Әбубәкір Шиблидің:

Адамдар менің ғашық екенімді білгенімен де,

Ғашығымның кім екенін ешкім де білмейді, - деген сөздерімен байланыстыруға болады.

Сопылардың түсінігіндегі Мәжнүн – ақиқатты іздеп Хақ жолына түскен адам. Осы дүниетанымда «жынды» болу – әр сопының арманы. Тіпті, түркі даласындағы алғашқы ғашықтардың бірі – Ахмет Иасауи да: «Қырық тоғызда ғишқы түсті күйіп жандым, Мәжнүн сифат хил-хошидин қашып тандым», - деп өзінің қырық тоғыз жастан бастап «жындылық» жолға түскенін айтады. Иасауидың өзін Мәжнүнге теңегені сияқты жыр-жолдарды ортағасырлық сопы ақындардың бәрінен де кездестіру мүмкін. Себебі, Мәжнүн жолы – жүрек арқылы Хақты тану жолы. Баязид Бистами түсінігіндегі Мәжнүн – ғашық адам. Оның пайымдауынша, Жаратқанның шарабы саналатын Алла махаббатынан мас болып, естен танған адам ғана Тәңірдің мағрифатын түсіне алады (Мағрифат дегеніміз – сопылық жолға түскендердің шариғат, тариқаттан кейін тұратын үшінші дәрежесі). Мас болмаған адам – ғашық емес.

Араб тіліндегі «Мәжнүн» сөзі парсышаға «Диуана» болып тәржімаланады. Ал Диуананың сопылық әдебиетте негізгі терминдерден саналатындығы әрі оның ғашықтық әлемімен тікелей байланысты екендігі белгілі. Құл Қожа Ахметтің:

Ғаріп, ғашық тариқаттың диуанаси,
Шариғат-дүр ғашықлардың әпсанасы, -

деген жолдарынан бұған анық көз жеткіземіз. Тариқатқа кірген жандардың «мәжнүн», «диуана» болғысы келетіндері де сондықтан.

Тасаууф дүниетанымда Ләйлі қыз аты емес, ол бұл дүниеде Ләйлә сипатында көрініс тауып, жұрттың бәрін өзіне Мәжнүндей ынтық ететін Алланың бір көрінісі. Яғни, ойымызды түрік ғалымы Усман Нурий Тупбаштың сөзімен айтар болсақ: «Ләйлә көңілдерді мәжнүн етіп, тойымсыз нәпсіні жоққа шығарған илаһи бір ғашықтықтың көрінісі».

Сөзімізді айғақтай түсу үшін Ләйлі-Мәжнүн дастанының түрік тілінде жазылған нұсқаларын зерттеген Агах Сирри Леуендтің еңбектеріне жүгініп көрейік. Ғалым бұл шығарманы орта ғасырда Әлішер Науидан басқа, Гүлшахри, Ашық Паша және Шахиди деген шайырлардың да жырлағанын алға тартқан. Осылардың ішіндегі XIV ғасырда өмір сүрген Гүлшахри өзінің «Мантақатут-тайр» («Құстар логикасы») деген туындысында Ләйлі мен Мәжнүннің шынайы ғашықтығы туралы айтып өтеді. Онда ұйықтап жатқан Мәжнүнді оятқанда, ғашықтықтан жынды атанған Ләйләні танымайды. Ол өзін таныстырғанда шайыр:

Мәжнүн егер жүз болса да мейлі,
Ләйлінің екеу болуы көп қате,-
дейді.

Осы жолдарды автордың өзі былай түсіндіреді:

Мәжнүннің қалағаны Мәула еді,
Алайда арадағы бөгет Ләйлі еді,

Мұнда Мәжнүннің әйел затына емес, Жаратушының жамалына ғашық екендігі анық айтылған. Мәжнүн «Ләйләнің екеу болуы көп қате деп, Құрандағы «Ықылас» сүресінің алғашқы жолына сілтеме жасап отыр. Ондағы аятта «Аллаху ахад» деп, Алланың жалғыз екендігі баса айтылған. Бұл Исламның басты ұстыны – таухид ілімі.

Біздің ойымызша, сопылық танымдағы “Ләйлі” бейнесі мұсылманша имани куәліктің қысқарған түрі болуы мүмкін. Себебі «Лә иләһә иллә Аллаһ” деп күніне бірнеше рет қайталау ақиқатты іздеушілердің негізгі зікірі болған. Бұл тасбихтың өзге зікірлерден айырмашылығы, оның жаһри яғни жария айтылуында жатса керек. Әрі мұсылманның алғаш айтатыны да осы сөз. Сопылар «Лә иләһә иллә Аллаһ» зікірін көп қайталап айта бергендіктен, «Ләйлә» деп ықшамдап алған болса керек. Ахмет Иасауидың:

Тілге алғын “Лә иләһә иллә Аллаһ”
Ішке салғын әр демде болғын агаһ (хабардар),

немесе:

Жан-ділдері пур салах (иманға тола), тәспілері “иллә Аллаһ”, - деген жолдарынан

біраз жайды аңғарамыз.

Жүрегінде ғашық от жанғаннан бері Мәжнүннің кезетін жері – Бетпақдала. Оның жұрттан бөлініп, айдалаға қарай қашуы – бұл фәнидің алдамшы дүниелерінен бас тартып, біржолата ғашықтық әлеміне қадам қойғанынан хабар береді. Ал сопылардың түсінігіндегі Бетпақдала – шексіз махабаттың нышаны. Иасауидың: «Мәжнүн болған соң, бетпақдаланы отан еттім» деп жырлауы да осыған саяды. Олардың түсінігінде Мәжнүннің қалағаны Ләйлі емес, қайта тәңірлік махаббатты кемелдендіру жолындағы бір себеп қана. Бұл сопылық әдебиетте мазхар деп аталатындығы белгілі. Ақиқатты іздеушілер мазхарға ғашық болу арқылы шынайы махаббатқа кенеледі. Ал, ғашықтық дегеніміз – Аллаға жету, оны түсіну құралы.

Маламатты басқа алып жаны бірлән,

Ғашықтары өлмес бұрын өледі екен», - деген Түркістанның пірі: “Өлмес бұрын жан ащылығының заһарын тарттым» деп, өзінің де өлмей тұрып, өлуге ден қойғанын айтады. Хақ жолға түскен дәруіштер Мұхаммед Пайғамбардың: «Муту қәблә тамуту» яғни «Өлместен бұрын өліңдер» деп өсиет еткеніне имандай сенетіндігі белгілі. Парсы ақыны Мәуләуи өзінің «Фиһ мә фиһ» атты шығармасында осы хадисті былай берген:

Өлместен бұрын өл деген мынау ей, досым,
Бізге осылайша әмір берді Мустафа.
Ол: «Бәрің де ажал оғы жетпестен бұрын,
Өлуге дайын болыңдар» ,-деді.
(жолма-жол аударма)

Ғашықтың өз нәпсісін өлтіруін – өлместен бұрын өлу дейді. Сондай жағдайға жеткен пенде ғана Хақтың жолына риясыз берілген болып саналады. «Өліңдер, өліңдер, ғашықтықта өліңдер», - деп Мәуләуи «өлместен бұрын өлуді» армандаған. Түркі даласынан шыққан Иасауи да Алла жолында жан тапсыруды мақсат етіп алған. Жан тапсыру болғанда Әзірейілдің ажал оғы емес, қайта, жан алушы періште келгенше өзінің ішкі бар сезімімен өлуге дайын болу. Қамшының сабындай ғана қысқа өмірде шайтани нәпсі үшін жаратылған жылтырақ нәрселерден бас тарту – ақынның басты арманы. Себебі, сопылар түсінігінде бұл өмір тек, өткінші ғана емес, сонымен бірге, пенде мен Алланың арасына тосқауыл болатын үлкен бөгет. Хаққа ғашық адамдар сол бөгеттен асып түсіп, шынайы бақытты о дүниеден іздеуді басты мақсат деп санаған. Шын әулие өзінің шайтани нәпсісін өлтіріп, бар ынта жігерін Жаратушыға бағыштайды, соның жолында өз құмарынан бас тартуды үлкен күш-қуат санаған. Тариқатқа кірген дәруіштер пен сопылар ақиқатты іздеуде діннің кейбір қағидалары мен шарттарынан бас тартып, өздерінің алдарына жол салып кеткен пірдің, яғни рухани ұстаздың қатаң қағидаларын бұлжытпай орындайтын болған. Ішкі бар нәпсіні өлтіру үшін олар қараңғы хилуетке яғни жертөлеге түсіп, қашанда құлшылықта болды. Себебі олардың мұндай амалдарға баруларына пайғамбарымыздың өсиеттері себеп болған. Нәпсіні өлтіру туралы Алла елшісі бір соғыстан келгенінде қасындағы жарандарына қарата «Біз кіші жиһадтан (Алла үшін жасалатын қасиетті соғыс) келдік, енді үлкен жиһадқа барамыз»-деген екен. Мұндағы Пайғамбардың «үлкен жиһад» деп отырғаны, жау қамалы не дұшпан дарбазасын күшпен алу, өзгеге қарата қылыш сермеп, қан шығару емес, қайта, адамзат баласының басты қарсыласы – нәпсімен күресу. Өзгеге қарата тас атқаннан, іштегі нәпсіні өлтіру анағұрлым қиын әрі ауыр. Қазақтың «Шын батыр – қарсыласын жеңген адам емес, ашуы келгенде өзін ұстай білген батыр» деп босқа айтпаса керек. Расында, ішкі нәпсінің құлы болмай, оған қарсы шыға білу – екінің бірінің қолынан келмейді. Сопылар белгілі бір дәрежеге жету үшін өз құмарын өлтіретін болған. Көз, қол, аяқ секілді дене мүшелерінен болатын күнәлі істерден бас тарту. Тіпті, ұстаздың айтқанына шығудың өзі де олар үшін үлкен айып саналған. Ақиқат жолында кездесетін осындай кедергілермен бөгеттерді жеңген пенде ғана, шынайы Хақ жамалын көре алады. Бар ғұмырын осыған арнаған Иасауидің армандағаны да сол. Фана дәрежесіне жетіп, Алламен қауышуды қалаған ақынның өз кезегінде дүниенің кейбір жылтырақ нәрселері тұрмақ, бала-шаға, әйел-отбасыдан бас тартып, қара түнекке кіріп, сол жерден пана іздеуінің астарында осындай үлкен мән бар. Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінде жанұяның жылылығын тәрк етудің дұрыс еместігі ашып айтылғанына қарамастан, ақын осындай діндарлыққа барған. Мұндай ерлікке бару – шынайы ғашықтардың қолынан келеді. «Ғашықтар өлмес бұрын өледі екен» деп жырлаған ақын, өзінен кейінгі шәкірттері мен мүридтеріне өсиет қалдырып қана қойған жоқ, сонымен бірге алғашқылардың бірі болып осы қағиданы өзі орындаған.



«Сарасөз» әдеби-қоғамдық журналының
индексі – 74974

КАЗПОЧТА, ЕРНҰР-ПРЕСС, ЭВРИКАМЕ-
ДИА, ЕРКІН-ПРЕСС АРҚЫЛЫ

1 жылға жазылу бағасы:
Қала – 6337,20т
Ауыл – 6388,80т

6 айға жазылу бағасы:
Қала – 3168т
Ауыл – 3194т